



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

6+

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№45 (634)
13 қараша,
2025 жыл

ШЫҒАДЫ ҚАШАН ТӨРГЕ, ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ТЕНГЕ?

Ойым сан-саққа сенделді, ойлай-ойлай теңгемді... Экономика атты үлкен кеме мұхит асып жылжып барады. «Сол кемелің капитаны теңге болса» деген ұлы арман шарықтаған, көкке қалықтаған нарықтың ығында, тасада қалып барады. Иә, теңге алғаш төрге енгенде, мына жарыққа келгенде доллардың құны 4 теңге 69 тиын болыпты. Ерте, ерте, ертеде деп басталатын ертегі сияқты ма?! Елдегі жағдай оңай емес, қиын болыпты. Сол көздің өзінде теңге бәріне тойтарыс берген ғой. Бұл уақытта, яғни, 1992-1993 жылдары инфляция 2500%-ға жеткен. Ондаған жыл бойы тұрақты деңгейді ұстап келген азық-түлік бағасы 10 есеге бір-ақ көтерілді. Міне, сол сәтте дүниеге келген теңге мықтылардың мықтысы еді...

Ал бүгін ше?! Заманымыз тыныш. Қарнымыз тоқ, көйлегіміз көк. Теңгенің жағдайымен жұмысымыз жоқ. Сол 5 теңгеге жетпеген долларыңыз қазір 524 теңге 70 тиынға жетіпті. Азық-түлік пен барлық қажетті заттың үстіне баға қосылып, ай сайын нарықтың тізгіні қолдан ытқып барады. Зейнетақы мен жалақыға 5% қосылса, базар бағамы 10% қымбаттайды. Қойшы, не керек, баға қашып барады, біз қуып келеміз. Тіліміз салақтап, енгітетін болдық. Бұлай бара берсек, мертігетін болдық.



3

ҚАУҚАРСЫЗ ҚАРТҚА КІМ ҚОРҒАН



«Қарттарым – асыл қазынам!», «Қариясы бар елдің қазынасы бар» деп ақсақалын ардақтаған халықтың ұрпағымыз. Үлкеннің алдын кесіп өтпей, ақылын алып, қол жайып бата сұраған елміз. Бірақ кейінгі уақытта желіде жарияланған кей жазбалар қоғамда қарттарға деген құрметтің азайып бара жатқанын көрсетеді. Бұған жуырда ғана еңгезердей азаматтың өз әкесін соққының астына алып, көше бойында сүйрегені дәлел. Бұл біз көрген бір ғана жағдай. Көрмей, білмей жүргеніміз қаншама...?!

Безбүйрек баланың әкесінің аузын қан қылып, сабап жатқаны ел арасында талқыға түсіп, ызасын тудырды. Көршісі таспалап алған тұсқа үнілсеніз, мейірімге мұқтаж мүсәпір әкенің кейіп кімнің болмасын жүрегін ауыртқаны рас. Көп ұзамай қария келместің кемесінен орын тапты, бала темір торға тоғытылды. Заң күші өз алдына, бұл оқиға

қоғамда қарттардың қадірі қалмай бара жатқанын аңғартты. Әрине бәріне бірдей топырақ шаша алмаспыз. Дегенмен бір ғана жағдай ұрпақ тәрбиесінің дағдарысқа ұшырағанын көрсетті. Айтыңызшы, кім қай жерден қателесті? Баланың бойына сіңіретін адамгершілік пен имандылық тәрбиесі қай тұста үзілді?

4-БЕТТЕ

ЗАМАННЫҢ ҚОЖАСЫ ДА, ТҰТҚАСЫ ДА — ЖАСТАР



Ұйымдастырушылардың шақыруымен Өнер орталығына табан тіреген сәт еді. Орталықтың үлкен есігінен өте бергенде телефонмен сөйлесіп тұрған бойжеткеннің: «Қатты қобалжып тұрмын. Іште адам көп, кіл мықтылар жүр» дегенін құлақ шалды. Иә, біз «Inno.Fest Qyzylorda – 2025» инновациялық жобалар байқауына бардық.

Қатысушының қорқынышы жөн екен. Расымен кірген бойда нағыз қарбалас жұмысты көрдік. Бос жүрген ешкім жоқ. Осыдан-ақ іс-шараның маңызы мен ауқымын байқадық. Оның үстіне биыл фестивальдің ұйымдастырылып жатқанына – 5 жыл.

6-БЕТТЕ

ТАРИХ ТОЛҚЫНЫНДАҒЫ 95 ЖЫЛ

Арал төрінде тағы бір тағылымды мерейтой өтті. Ел жадында елеулі, ұлт руханиятына өшпес із қалдырған екі үлкен белес – «Толқын» газетінің 95 жылдығы мен қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ғалым, ұстаз Әуелбек Қоңыратбаевтың туғанына 120 жыл толуына орай бірқатар іс-шара ұйымдастырылды.

Тамыры тереңнен тартқан «Толқын» газеті – Арал өңірінің ғана емес, тұтас Сыр жұртының рухани тірегі. Ол – өткен ғасырдың дауылды күндерінде де, ел еңсесін тіктеген кезеңдерде де сөз киесін сақтап, халықтың үнін жеткізген басылым. Талай буынның ойы мен арманын, ел мен жерге деген сүйіспеншілігін парак бетіне түсіріп, заманмен бірге толқын болып ілесіп келеді.



5-БЕТТЕ

КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА СЕРПІН

Жуырда Мұстахым Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжінде «Білікті маман – жарқын болашақ кепілі» тақырыбында техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің арасында облыстық семинар өтті.

Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары педагогтері арасында білім алушылардың икемді дағдыларын дамытуға байланысты озық тәжірибелерді ұсыну және колледж бен жұмыс берушілер арасында ынтымақтасты нығайтуды мақсат еткен жиын білікті маман даярлауға маңызға ие сала мамандарының басын қосты. Оған облыстық білім басқармасының өкілдері, кәсіпкерлер палатасы мамандары, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильдігі орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша Кәсіби даму институты филиалы, БАҚ өкілдері, өнеркәсіптік мекеме басшылары, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының басшылары мен орынбасарлары қатысты.

Жиында Мұстахым Ықсанов атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжі мен облыстық кәсіпкерлер палатасы арасындағы, оқу орны мен облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильдігі орталығы» мекемесі арасында меморандумға қол қойылды. Колледждің өндірістік оқыту шебері Батырбек Жүзбенбетовтің айтуынша, мұнда оқу үрдісі заман көшінен қалып тұрған жоқ.

– Бүгін студенттердің оқу үрдісін жаңа деңгейге көтеру үшін «Бизнес стартап» және «Мансап орталығы» ашылды. Біздің студенттердің мотивациясын ашу үшін көптеген жағдай жасалуда. Мұнда заман талабына сай құралдар бар. Оқу барысын жақсы меңгеру үшін студент құралдармен жұмыс істеуі қажет. Болашақта өндіріске барған кезде балада таңырқау сезімі болмауы керек. Қазіргі өндіріс қарқынды даму үстінде, ал оқу орындары бұл үрдісті тежеп келе жатыр. Сондықтан ертең студентте «Мен мұны



көрген жоқпын» деген ой туындамас үшін мамандарды салаға икемдеп жатырмыз. Колледжде «Өндіріс» сабағы өтеді. Онда бізге түскен тапсырыс бойынша жаңа құрал-жабдықтар дайындаймыз. Оның ақысы шотқа түскеннен кейін 15%-ы студенттің шәкіртақысына қосылады. Жаңа заман талабына сай құралдар орнатылған деп айтып кеткендей, жақында лазерлік аппарат орнатылды. Қазір робототехниканың шарықтау кезі. Зауыттардың басым бөлігі жартылай роботтармен қамтылған. Студент құралдарды танып-білсін деген мақсатта осындай шаралар жүргізілуде, – деді ол.

Кейін «Көлік жөндеу» құзіреттік орталығы жұмысымен, жаңа үлгідегі оқу-жаттығу құралдары мен автодром жұмысы қонақтарға таныстырылды. Онымен қоса семинар қатысушылары оқу орнымен серіктес мекеме базаларын аралады. Оның бірі – «Best-Avto» ЖШС жеңіл автокөліктерді жөндеу орталығы.

«Hyundai Avto Kyzylorda» орталығының маркетинг және стандарттау бөлімінің басшысы Бақтияр Сабырұлы студенттердің өндірістік іс-тәжірибенің маңызын ашып айтты.

– Біздің инженерлік орталығымызда IT колледжінің студенттері тәлім алып, іс жөнінде тапсырмалардан өтеді. Бұл жерде оннан аса студент бар. Практиканы біздің орталықтан өткен студенттер сертификат алады. Болашақта бұл студенттер маман ретінде қалыптасып, дипломын алып келсе, біздің есік олар үшін әрдайым ашық. Тәжірибе жүзінде олар автокөліктердің майын ауыстыруды, сұйықтықтарды тексеруді, жөндеу жасауды үйренеді, – деді ол.

«Хан» ЖШС темір бұйымдарын дайындау цехына аттанды. Бұл – қақпалар және

түрлі металдан жасалатын бұйымдарды шығаратын кәсіпорын. Мұнда да колледждің студенттері тәжірибеден өтуде. Біз оларға қызығып, оқу барысы туралы ойын сұрадық.

Колледждің 2 курс студенті Таңатар Нұрғалидің айтуы бойынша, олардың тәжірибеден өтуге келгеніне 2 апта болған. Бұл аралықта олар газ-электрмен пісіруді, дәнекерлеуді меңгерген. Теорияда айтылған білімді енді тәжірибемен жалғап отыр. Қолыңа әртүрлі құрал ұстап жұмыс істеу мүлдем басқа сезімдерді тудырады. Нұрғали тәжірибеден өтудің ұнағаны туралы да айтты.

Жалпы бұл сала көп еңбекті қажет етеді. Оған сұраныстың да артып келе жатқаны құпия емес. Осы орайда жастардың жұмыспен қамтылуы туралы «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі директорының мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша орынбасары Агерке Ахметова процесс туралы айтып берді.

– Қазір жастарды жұмыспен қамту және болашаққа баулу мақсатында мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асуда. Оның бірі – «Жастар тәжірибесі». Мұнда мамандар өз саласы бойынша тәжірибе жинап, тұрақты жұмысқа орналаса алады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев быыл «Жұмысшы мамандықтар» жылы деп жариялауы олардың мәртебесін көтеріп, кәсіби біліктілігі арттыруда. Бұл жұмыстар қарқынды жүргізілуде. Жастарда осы бағыт бойынша сұрақтар туындаған жағдайда Қызылорда, Байқоңыр, Арал ауданында және Жаңарқорғанда «Мансап» орталықтарының филиалдары бар. Жастар осында көмекпен жүгіне алады, – деді ол.

Семинар қорытындысы конференциямен түйінделді. Алғашқы сөзді облыстық білім

басқармасының техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы Бекжан Есенбаев бастады. Ол Қызылордада осы бағыт бойынша өткен іс-шараларға қорытынды жасады.

– Елімізде, оның ішінде Қызылорда бойынша, «Жұмысшы мамандықтар» жылында бірнеше жақсы бастамалар жүзеге асуда. Бұл іс-шара – соның айқын дәлелі. 2025 жылдың басты мақсаты – қоғамда, елімізде жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру, жастардың қызығушылығын ояту. Ең бастысы қоғамда еңбек адамын құрметтеу, оны дәріптеу. Бұған дейін де бұл мамандықтарға көңіл бөлінбеді деп айта алмаймыз. Бірақ быыл аты аталып, түсі түстелген жылда барлық саладағы әріптестерімізге үлкен қолдау көрсетіліп жатыр. Айта кету керек жайт, мемлекет басшысы 2021 жылғы жолдауында «...2025 жылға дейін мектеп бітірушілер болмаса жастар жұмысшы мамандығы бойынша білім аламын деген ниеті болса мемлекет тегін 100% қамтамасыз етіп береді» деген еді. Осыған байланысты министрге тапсырма берілді. Жыл сайын бөлінетін қаржы да артып келеді. Мысалы: 2022 жылға 1600 орын, 2023 жылға 1560 орын берілсе, 2024 жылға 1500, ал быыл 2200 орын берілді, – деді ол.

М.Ысқаков атындағы Қызылорда техникалық-IT жоғары колледжінің директоры Бектұр Қалимен облыстық кәсіпкерлер палатасының директоры Пірмұхаммед Сыздық колледж студенттерінің сапалы, заманауи білім алуы кадрлық әлеуеттің жақсаруына әкелетінін айтты.

Иә, қоғам жұмысшы мамандықты қадірлеуі керек. Біз осы жайлы өмір үшін белгілі бір деңгейде еңбек адамына қарыздар екенімізді ұмытпайық.

Мерей ШӘКРАТ

ЕСІРТКІСІЗ – ӨМІР ҒАЖАЙЫП



Есірткі – өмірдің ең үлкен алдауы. Бір сәттік ләззат үшін болашағыңды құрбан етпе! Ол қуаныш емес, ол қасіретке бастар жол.

Өмірдің нағыз дәмі – таза ойда, мықты денеде және биік арманда.

Өнермен айналыс, спортпен шынық, жақсылық жаса – сонда ғана өзіңді тапсың!

Есірткіге «ЖОҚ!» деу – әлсіздік емес, ерлік!

Өмірге «ИӘ!» деу – нағыз күштің белгісі!

Бүгін таңдауыңды дұрыс жаса,

Өмірдің жарығын таңда!

Айтұмар ТАУБАЙ,
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы,
Байқенже ауылы, №193 орта мектебінің
10 сынып оқушысы

ЕСІРТКІСІЗ – ӨМІР ҒАЖАЙЫП

Бүгінгі қоғамның ең өзекті мәселелерінің бірі – есірткіге тәуелділік. Бұл – адам өмірін улайтын, болашағын бұлыңғыр ететін, отбасына, қоғамға орасан зиян келтіретін дерт. Есірткіге әуестену – бір сәттік қызығушылықтан туындаған үлкен қасірет. Ол адамның тәнін де, жанын да аздырып, ең асыл қасиеттерінен айырады.


Біздің мақсат – жастарды осы қауіпті жолдан сақтандыру, оларды өмірдің шынайы құндылықтарын бағалауға шақыру. Себебі өмір – ғажайып сый. Денің сау, санаң сергек, жаның еркін болса – сол нағыз бақыт. Есірткісіз өмір – бұл шығармашылық, спорт, білім, адамгершілік пен достыққа толы өмір. Әрбір жас өз тағдырының қожайыны екенін ұмытпауы тиіс.

Есірткіге қарсы күрес тек дәрігерлер мен полицияның міндеті емес. Бұл – баршамыздың ортақ борышымыз. Ата-ана баласына дұрыс бағыт көрсетіп, ұстаздар жүрек жылуын беріп, қоғам жастарға қолдау танытса ғана біз осы індетті жеңе аламыз.

Қымбатты жас достар! Өмірдің әр сәтін бағалаңыздар, өз болашағыңызды есірткімен емес, еңбектен, білімнен, арман мен мақсаттан ізденіздер. Есірткісіз өмір – жарқын болашақтың кепілі!

Өмірді сүйіңіз, өзіңізді қорғаңыз! Есірткіге «жоқ» деңіз!

Жанерке МӘДІБЕК,
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы,
Еңбек ауылы, №242 негізгі орта мектебінің
9 сынып оқушысы



ИНКЛЮЗИЯ МЕН ЖИ: БІЛІМДЕ ШЕКАРА ЖОҚ

Қазір білім беру жүйесі адам әлеуетін барынша ашуға бағытталған жаңаша көзқарасты талап етеді. Әрбір білім алушының оқу процесіне толыққанды қатысуына мүмкіндік беру – заманауи педагогиканың басты қағидаларының бірі. Осы тұрғыдан алғанда, инклюзивті білім беру мен жасанды интеллект технологияларын біріктіру – білім сапасын арттырудың және әлеуметтік теңдікті қамтамасыз етудің маңызды құралы болып отыр.

Инклюзивті білім берудің мақсаты – физикалық, когнитивтік немесе әлеуметтік ерекшеліктеріне қарамастан әрбір оқушыға сапалы білім алу мүмкіндігін жасау. Ал жасанды интеллект бұл үдеріске жаңа серпін беріп, оқыту процесін дараландыру, бейімдеу және автоматтандыру мүмкіндігін ұсынады.

Инклюзивті технологиялар – білім беру процесінде ерекше қажеттіліктері бар балаларды қолдау мақсатында жасалған цифрлық шешімдер жиынтығы. Мұндай технологиялар оқу материалын әртүрлі формада ұсынуға (аудио, мәтіндік, визуалды) мүмкіндік беріп, оқушының ақпаратты қабылдау ерекшелігіне сай бейімделеді. Мысалы көру қабілеті шектеулі оқушылар үшін экран оқу

жүйелері, ал есту қабілеті төмен оқушылар үшін мәтіндік дыбыстық немесе субтитрлік форматта жеткізетін технологиялар кеңінен қолданылады. Бұл құралдар оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттырып, білім алуға теңдікті қамтамасыз етеді.

Жасанды интеллект – білім беру саласындағы инновациялық өзгерістердің негізі. Ол үлкен деректі өңдеу және талдау арқылы оқушылардың жеке ерекшелігін анықтап, оқу процесін бейімдей алады. Инклюзивті ортада жасанды интеллект технологияларының қолданылуы мына бағыттарда ерекше маңызға ие.

Адаптивті оқыту жүйелері – жасанды интеллект оқушының үлгерімін, жауап беру жылдамдығын және қиын-



дық деңгейін талдап, оған сәйкес тапсырмалар ұсынады. Қолжетімділік құралдары – «Seeing AI» немесе «Microsoft Learning Tools» секілді шешімдер көру және оқу қиындықтары бар оқушыларға мәтінді дыбыстап оқу, фон түсін өзгерту, мәтінді үлкейту сияқты қызметтер атқарады. Тілдік және сөйлеу кедергілерін

жеңу – сөйлеуді тану және синтездеу технологиялары сөйлеу мүмкіндігі шектеулі балалармен қарым-қатынасты жеңілдетеді. Эмоциялық қолдау – кейбір интеллектуалды жүйелер оқушылардың көңіл-күйін талдап, мотивациялық кері байланыс береді.

Осы арқылы жасанды интеллект тек техникалық құрал емес,

педагогикалық серіктес рөлін атқарады. Инклюзивті білім беруде жасанды интеллект құралдарын пайдалану мұғалім мен оқушы арасындағы өзара әрекетті сапалық тұрғыдан өзгертеді. Практикалық тұрғыда келесі кадамдар ерекше нәтиже береді: Жеке оқу бағдарламасын қалыптастыру – жасанды интеллект әр оқушының оқу тарихын, жетістігін және әлсіз тұстарын ескере отырып жеке оқу жоспарын ұсынады. Оқу нәтижелерін талдау – мұғалімдер жасанды интеллект көмегімен оқушылардың үлгерім динамикасын нақты дерек арқылы бақылай алады. Қолжетімді цифрлық көмекшілер – ChatGPT, Microsoft Copilot немесе Google Gemini секілді ассистенттер оқушылардың сұрақтарына нақты және түсінікті жауап беріп, күрделі ұғымдарды қарапайым тілмен түсіндіреді. Ақпараттық теңдік – жасанды интеллект жүйелері ақпаратты әртүрлі форматта ұсына отырып, әрбір оқушының қабылдау қабілетіне сай білім алуына жағдай жасайды. Жасанды интеллекттің енгізілуімен мұғалімнің рөлі түбегейлі өзгереді. Ол енді оқушылардың ақпаратты меңгеруін қадаға-

лайтын емес, оқу процесін ұйымдастырушы және бағыт беруші тұлғаға айналады.

Жасанды интеллект педагогқа үлкен дерек негізінде шешім қабылдауға көмектесіп, жеке оқыту траекторияларын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар мұғалімнің цифрлық сауаттылығы мен этикалық жауапкершілігі де арта түседі.

Инклюзивті технологиялар мен жасанды интеллект құралдарын біріктіру – заманауи білім берудің стратегиялық бағыты. Бұл тәсіл оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескеріп, білім алуға тең мүмкіндік береді және педагогикалық процесті барынша дараландыруға жағдай жасайды. Жасанды интеллект тек автоматтандыру құралы емес, ол – педагогика мен технологияны біріктіретін жаңа буын білім беру жүйесінің негізі. Болашақта ЖИ қолдауындағы инклюзивті орта білім беру сапасын арттырумен қатар, қоғамдағы әлеуметтік теңдікті де нығайта түсетіні сөзсіз.

Хасен ЗЕЙНУЛЛА,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің
магистранты

Басы 1-бетте

ШЫҒАДЫ ҚАШАН ТӨРГЕ, ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА ТЕҢГЕ?



Теңге жайлы не білеміз?

Иә, 15 қараша – теңгенің туған күні. Қазақтың маңдайына біткен валютасы. Біле білсеңіз, біздің теңге – әлемдегі жалған ақшадан қорғалған ең қауіпсіз валюта. Тіпті америкалықтардың өзі доллардың қауіпсіздігін теңгенің технологиясына негіздеп отырып күшейткен екен.

Төл валютамыз туралы жарлық 1993 жылы 12 қарашада шыкса, айналымға үш күн өткен соң 15 қарашада енді. Сол күні таңертеңнен бастап рубльді теңгеге айырбастау процесі басталып кеткен. Әуелі валютаның атауына тоқталайық. Бұл атауды халықаралық инженерлер академиясының академигі, ғалым, «Құрмет» орденінің иегері Сауық Тәкежанов ұсынған. Әрине бұл атау дереу қойылған жоқ. Оған дейін «ақша», «алтын», «сом» сияқты атаулар ұсынылған. Десе де «тенгеге» тоқталды. Ал валютаның дизайнерлер тобында Мендібай Әлин, Досбол Қасымов, Ағымсалы Дүзелханов, Тимур Сүлейменов, Хайрулла Ғабжалыловтар болды.

Алғашқы теңге Лондондағы «Harrison & Sons» фабрикасында шығарылды. Бұл уақытта елімізде ақша шығаратын фабрика болған жоқ. Біздің өз фабрикамыз 1995 жылы ғана ашылды. Тарихи деректерге жүгінсек, алғашқы ақшаны Лондоннан Қазақстанға жеткізу үшін 18 әуе сапары жасалды, ал 8 күннің ішінде қазақстандық банктерге бөліп берілді. Ал алғашқы қазақстандық монеталар Германияда жезден және никель күмістен жасалды. Еске сала кетейік, 2011-2013 жылдар аралығында теңге әлемдегі ең үздік қағаз ақша ретінде танылды.

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сүйенсек, 2024 жылы Қазақстанда «Тенге» есімді 72 адам, ал «Теңге» есімді 12 адам болды. Сондай-ақ «Ақтеңге» есімі де көп кездеседі. «Теңгеш» деген де адам аттары бар. Әйтсе де, бүгінгі инфляция оларға қаншалықты әсер етіп жатқаны белгісіз.

Қымбаттамаған не қалды?

Биыл тамызда елдегі ең төменгі күнкөріс деңгейі 6,3%-ға қымбаттап, 62180 теңгеге жеткен. Өткен жылғы дәл осы кезеңмен салыстырсақ, 23,6%-ға жоғары.

Өйткені қоғамда қажеттінің барлығы қымбаттады. Тіпті, айларды сүйреген күндер сайын бағада өзгеріс болып жатқаны қынжылтады.

Ұлттық статистика бюросы күнкөріс минимумының басым бөлігі азық-түлікке, ал қалған бөлігі ғана тауарлар мен қызметтерге жұмсалатынын мәлімдеген. Әрине бұл бағытты біз өмір сүру емес, күнелту деп бағамдар едік. Қымбатшылық қысқан аймақтар арасында Маңғыстау көш бастаса, Шығыс Қазақстан екінші орында тұр. Кезекте Астана үшінші тұрса, Алматы төртінші, Шымкент бесінші тұр. Ал Қызылорда алтыншы орынға табан тіреген. Еске сала кетейік, бұл тамызда бір айда ғана болған жағдай.

Аян Жағыпар – жалғызбасты ана. Асыраушысынан айырылған ол бес баланың күнделікті

«Қысыла, қысыла қыз болдық» деген екен. Біздің көрген күніміз – өмір сүру емес, тірі қалуға талпыну, күнелту, – дейді ол.

Қазір кейіпкеріміз таңнан кешке дейін мектепте техникалық қызметкер болып еңбек етсе, кеш батқан соң түнгі 11-ге дейін екі мекеменің еденін жуып қайтады. Сондағы тапқаны өзі күнелтуге ғана жарап тұр.

Айбек Нұрмахан – такси жүргізушісі. Ол жеке көлігімен жолаушылар тасымалдап нан табады. Жанар-жағармай бағасы мен қосалқы бөлшектер жағадан алып тұрғанын айтады.

– Байқамайсыз, күнделікті бір теңгелеп қосып отырып қазір 236 теңгеден бір-ақ шығарды. Жанармай бекеттерінде әр жерде бір теңгеден



қажеттіліктерін өтеу үшін үш жерде жұмыс істеуге мәжбүр.

– Дүкенге барған сайын бір заттың қымбаттағанын көріп қайтамыз. Жүйелеп айтайықшы, қымбаттау деген сөздің қыстырылмаған жері қалмады. Бәрі өсті, тек жалақы ғана қаз-қалпында. Біздің, көпбалалы отбасылардың мұңы қыркүйек жакындағанда басталады. Бір баланы мектепке дайындау үшін орта есеппен 100 мың теңге керек. Ал мен бес балаға бес жүз мың табуым керек. Бұл кей киімдерді өткен жылдағысын киеді, кей заттарды өз уақытында аламыз деп қысқартқандағы түріміз. Мейліңіз, жылына бір мәрте ғой деп жұбатармыз. Күнделікті азық-түлікті айтыңызшы. Қазір қазақ ет жеуден қалды. Ет бағасының өсу қарқынына көз ілеспей қалды.



Қаржысы жетпей етке, Азық-түлік алды «red»-ке...

Қаладағы супермаркеттердің бірінде едім. Жасы егде тартқан кісі қолына аздаған азық-түлікті алып, кезекте тұрды. Бар-жоғы 10-15 мың теңгенің затын алған. Ә дегеннен көзге көрініп-ақ тұр. Қолындағы заттардың ішіндегі ең қымбаты сиыр еті деп топшыладым. Өйткені көлемді екен. Ал қазір ет бағасының ерік бермей тұрғанын әлем біледі.

– Балам, мына заттардың ақысын шығарған соң, «red» арқылы есептессем деп едім, – деді әлгі кісі.

Оның «red» деп отырғаны банктіңмобильдіқосымшасындағы бөліп төлеу әдісі. Сатушы басын изеді. Барлығын есептеп болған соң, қаржы көлемін айтып еді, әлгім ойланып қалды. Тізімнен етті алдырды. Қаражаты сонан кейін барып жетті-ау деп топшыладым. Иә, қымбат баға етте еді. Бірақ, бәрібір red-пенен реттеді. Солай, есік жаққа беттеді.

Азық-түлікті несиеге алған соң, басқасын не сұрайсыз?! Киім-кешекті жамап-жасқап киетін деңгейге жеткеніміз бе?!

«Өзбекстанды қазақтар байытты»

Біз ес білгелі елде өзбек ағайындар құрылыспен айналысады. Көктемде келіп, қара күзге дейін кесек өреді, сылайды, шатырын жабады. Қандай жұмысыңыз бар, соның барлығын реттейді. Біздің үйдің кесегін өргендердің ішінде мен қатарлы Нурик деген

жас жігіт болды. Өзі әңгімешіл. Үнемі үйіндегілермен байланысқа шығып жүреді. Бір күні менің қасыма отырды да телефонынан өзінің салып жатқан үйін көрсетті. Керемет. Біздің елде анау-мынау шенеуніктің үйі анадай емес шығар...

– Нурик, сен өз үйінді неге өзің салмайсың? Мұнда жүргенше сонда болғаның жөн емес пе? – дедім сұрақты төтесінен қойып.

Ал ол жауап беруге асықпады. Телефонды қайтадан ақтара бастады:

– Міне, мына үшеуі – құрылысшылар. Мен осында жұмыс істеген еңбекақымды осы үшеуіне апарып, бөліп беремін. Яғни, менің бұл жақта жалғыз өзімнің табысым ондағы үш құрылысшының жалақысына тең. Демек мен ұтып отырмын, – деді.

Рас, ол жұмыс күшінен ұтып отыр. Есесіне, мұнда оның еңбегі жоғары бағаланады. Елде құрылыс саласынан нан тауып жүрген Нурик тәрізді мыңдаған азамат бар. Ал Қазақстаннан шетелге ақша аударымдарының көлемі жөнінен салыстырсақ, Өзбекстан көш ба-

сында. Жыл басынан бері Өзбекстанға біздің елден 26,9 млрд теңге қаржы аударымдары болған. Мұнан бөлек, Ресейге 17,5, Түркияға 8,5, Грузияға – 3,5 және Қырғызстанға 2 млрд теңге аударым жасалған.

Міне, сіз шетел азаматының қолына ұстатқан 5 теңге – сол мемлекеттің қазынасына құйылған қаржы. Сондықтан, әрбір жұмысты жасатарда «мен кімді байытып жатырмын?» деген сауалды өзіңізге қойғаныңыз жөн.

Жағдай осылай. Ал біздің елдегі жалақы жыртығын жамай алмаған соң шетел асып, құлпынай теріп жүр. Шетел көргенін қайтейік, қыдыруға емес, тер төгуге барады. Қайсыбірі жылы да дәл осындай қара жұмысқа Астанадағы білдей бір оқу орнының ғылыми қызметкері аттанған еді. Ал енді не сұрайсыз?

Тамыздан бері тамылжып тұрған жоқ

Елдегі жылдық инфляция 12,9%-ға жетті. Есепті көтерсек, 2023 жылдан бергі ең жоғары көрсеткішке жетіп отыр екенбіз. Ал айлық баға өсімі 1,1%-ға жетті.

Енді Ұлттық статистика бюросының сандарын сөйлетіп көрейік. Олардың айтуынша, азық-түлік бағасындағы жылдық өсім 12,7%-ды құрайды. Ет бағасының өзіне 19,1% қосылған. Тұрғын үй-коммуналдық қызметтер мен энергия тасымалдаушылар да өз есесін жібермеппі. Олар 17,4%-ға қымбаттады. Ал азық-түлік емес тауарлар секторында баға 1,5%-ға өсімді көрсетті. Өз кезегінде бұл көрсеткіш 2022 жылғы қарашадан бергі ең жоғарғы көрсеткішке тең.

Ал мұның арғы жағындағы негізгі мәселе – теңгенің әлсіздігі. Ал біз банктерді сауықтыруға берген бюджет қаражатын қазынаға қайтара алмай әлі жүрміз. Мәжіліс депутаты Мұрат Ергешбаев таяуда ғана қаражатты жүйелі түрде бюджетке қайтару жайын сұраған болатын. Ал Мұрат Әбенев халыққа «банктенбіз» деп хабарласатын алаяқтардың артында тұтынушының жеке мәліметін «таратып отырған» банктердің өзі екенін, бұл мәселені зерделеу керегін айтып дабыл қақты.

Түптеп келгенде, әңгіменің түп төркіні теңгеден шықты ғой. Мемлекетті құрайтын халық. Демек халықтың жағдайы – мемлекеттің жағдайының айқын көрінісі. Ендеше әлеуметтің әлеуетін көтермей, теңгенің орны төр болуы қиын сияқты.

Тіліші түйіні:

Бала күнімізде, осыдан жиырма жылдан астам уақыт бұрын, бір күндік қойкезекті 500 теңгеге бағатын. Көрші-көлемдегі үлкен кісілердің балалары іссапарда болса, қолдары тимей қалса, ауыл балалары сол қаражатқа бағып келетін. Кешеге дейін ауылда қалған Өзім досым 5 мың теңгеге бағып жүрді. Жиырма жылдан астам уақытта осы қызмет түрі он есеге қымбаттапты. Сол уақытта 50 теңгеге алатын заттың бағасы 2 мың теңгеден асады. Сол заттың сапасы артып, не дәмі бал татып кеткен жоқ, бірақ еңбек өзінің құнын жоғалтқан сынайлы. Бұл да – экономиканың, һәм инфляцияның, сайып келгенде теңгенің төрге шыға алмай тұрғанын көрсетіп тұрғандай...

Аян СПАНДИЯР

Басы 1-бетте

Тәрбиесіздік тентіретеді

Ашғын айтайық, бүгінде қарттарға құрметтің төмендеуі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Тамырын тереңнен тартатын бұл құбылыс – отбасындағы тәрбиенің, ұлттық құндылықтардың әлсіреуінен туындады. Ақыр соңында бүгінгі ұрпақтың бір бөлігі қарт ата-анасын ауыртпалық, масыл ретінде қабылдайтын деңгейге жетті.

Осы мәселеге қатысты сарапшы маман Болат Сарыбайдың айтуынша, қазақ қоғамында бұл үрдіс бұрын болмаған. Керісінше қариясын төрге оздырып, «ата сөзі – ақылдың кені» деп қадірлеген. «Демек ұлт ретінде рухани негізімізді жаңғыртпасақ, үлкенге ізет, кішіге қамқор болу дәстүрі жойылуы мүмкін», – дейді ол.

– Бұл мәселені шешудің ең тиімді жолы – тәрбие жүйесін қайта қарау. Балабақшадан бастап, мектеп бағдарламасына үлкендерді құрметтеуге, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген жауапкершілігін арттыруға бағытталған арнайы тәрбие сағаттары, пәндер, клубтар енгізу қажет. Балаларға ата-әже, әке-шешеге құрмет көрсету – ұлттық тәрбиенің өзегі екенін ұғындыру керек. Мысалы, жапон елінде мектеп оқушыларына кішіпейілділік, үлкенге қызмет ету мәдениеті арнайы сабақтар арқылы үйретіледі. Сол тәрізді бізде де ұлттық болмысымызға сай, «Қазақы әдеп», «Отбасылық тәрбие», «Рухани тәрбие» секілді бағыттарды жүйелі қалыптастыру қажет. Одан бөлек, қоғамдық науқандар, медиа жобалар, мектепшілік іс-шаралар арқылы да үлкенді сыйлаудың үлгісін насихаттау керек. Бұл тек мектептің, мұғалімнің емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті

зорлық-зомбылықтың құрбандары арасында қарт адамдардың үлесі шамамен 3,5% екенін көрсеткенімен, бұл дерек шынайы жағдайдың үстірт көрінісі ғана секілді. Өйткені елімізде қарттарға жасалатын психологиялық, экономикалық, тіпті физикалық қысымның елеулі бөлігі тіркелмей қалып жатыр. Көптеген қария зорлық-зомбылықты жасырып қалуға мәжбүр. Оның басты себебі – ұялу, қорқу, қоғам тарапынан қолдау сезінбеу және өз балалары мен жақындарын жаман атқа қалдырғысы келмеу. «Баланың аты – бала» деп, өздеріне жасалған қысым мен кемсітуді кешіруді жөн санайды. Ал кейбір жағдайларда құқықтық сауатсыздық пен сенім арта алмайтын жүйенің салдарынан олар өз құқығын қорғауға талпынбайды да.

Сондай-ақ қарт адамдарға жасалатын зорлық тек физикалық тұрғыда емес, материалдық шектеу, немқұрайлылық, әлеуметтік оқшаулау, сөзбен кемсіту, зейнетақысын иемдену сияқты формаларда да кездеседі. Бұл – отбасылық зорлық-зомбылықтың астыртын, бірақ қауіпті формалары.

Демек 3,5% деген статистика – тек беткі қабат. Шын мәнінде, қоғамда қарттарға жасалатын озбырлық әлдеқайда ауқымды әрі өзекті мәселе. Сондықтан сарапшылар бұл бағытта жан-жақты зерттеулер, алдын алу шаралары және қарттардың құқығын қорғайтын нақты механизмдер қажет екенін алға тартады. «Өйткені қоғамның көзқарасы өзгермей, мәселе түбегейлі шешімін таппайды», – дейді мамандар.

Жаңашылдық қатігездікке жол аша ма?

Ашғын айтақ, жаһандану мен цифрлық өркеніет дәуірінде жастар

ақылына құлақ түру – қазақы тәліммен сіңірілуі керек. Сонымен қатар қоғамдық деңгейде насихат жұмыстары күшеюі тиіс. Телевизиялық бағдарламалар, әлеуметтік желілердегі контенттер, мектеп пен ЖОО-дағы тәрбие бағытындағы жобалар ұлттық құндылықтарға негізделіп құрылуы қажет», – дейді психолог.

Қарттарға құрметсіздік жауапсыз қалмайды

Құқықтық тетіктердің әлсіздігі – еліміздегі қарттар мен жалпы отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесін ушықтырып отырған басты себептердің бірі. Бұл әсіресе 2017 жылы қабылданған заң өзгерісінен кейін айқын байқалды. Аталған жылы отбасылық зорлық-зомбылық қылмыстық әрекет емес, әкімшілік құқық бұзушылық ретінде қарастырыла бастады. Бұл өзгеріс қылмыстық жауапкершіліктің төмендеуіне және жазасыздықтың етек жаюына алып келді.

Қарттарға, әсіресе ата-анаға қастық қылу – қоғамда үлкен резонанс тудырып отырған ауыр әлеуметтік мәселе. Мұндай әрекетке барған адам тек моральдық емес, құқықтық тұрғыдан да жауап береді. Бұл туралы Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің бірнеше бабы нақты жазза қарастырады. Мәселен, 107-бап бойынша жеңіл, орташа немесе ауыр дене жарақатын салған жағдайда, айыпты тұлғаға бас бостандығын шектеу немесе бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады. Ал 131-бап бойынша қарт адамның ар-намысына тіл тигізіп, қоғамдық маскаралауға ұшыратқан жағдайда – айыппұл немесе түзеу жұмыстары көзделген. Сондай-ақ отбасы-тұрмыстық қатынастар аясында ұдайы қысым, жәбір көрсету – 110-бап

декс аясында қарастырыла бастады. Сонымен қатар қарттарға, әйелдер мен балаларға қатысты зорлық әрекеттері ауырлататын мән-жайлар ретінде белгіленді. Қорғау нұсқамасын бұзған тұлғаларға қатаң жаза қолдану нормалары енгізіліп, жедел әрекет ету топтары мен дағдарыс орталықтарының жұмысы күшейтілді.

«Салтанат заңы» қоғамдағы отбасылық зорлық-зомбылықпен күресте

маңызды бетбұрыс болды. Дегенмен, заңның тиімділігі тек қағаз жүзінде емес, нақты іске асқанда ғана көрінеді. Ол үшін құқық қорғау органдарының кәсіби даярлығын арттыру, қоғамдық бақылауды күшейту, зорлыққа ұшырағандарға қолжетімді және тегін көмек көрсету механизмдерін дамыту қажет.

Жауапкершілік таразыға түскенде

Бүгінгі қоғамда пайда мен жеке мүдде көбінесе парыз бен

ды. Ол мұндай әрекеттер қоғамдағы немқұрайылықты азайтып, ұрпақ арасындағы байланысты нығайтады деп сенеді. Ал қала тұрғыны Марат, жастардың құқықтық жауапкершілігін арттыруға ерекше мән беру керек деп есептейді. Ол жастарға заңның мүлтіксіз орындалуын түсіндіру арқылы осындай жағдайлардың алдын алуға болатынын айтады.

Сонымен қатар қоғам өкілдері

ҚАУҚАРСЫЗ ҚАРТҚА



болуы тиіс. Өйткені бүгін біз қарияны қалай құрметтесек, ертең ұрпағымыз бізге де солай қарайды, – дейді маман.

Әрбір жағдайда, әсіресе тәрбие турасына келгенде психологтың кеңесіне көп жүгінеміз. Олардың көпшілігі ата-анаға қол көтеру – тек тәрбиенің осалдығы емес, терең психологиялық жарақаттың, адамгершілік дағдарыстың көрінісі екенін алға тартады. Осы мәселені психолог Жанар Әбілдақызы былай деп түсіндіреді: «Әкесін ұрған бала – жай ғана ашулы немесе бұзық емес, ол – ішкі жан дүниесінде терең күйзеліс пен агрессияны жинап өскен адам. Мұндай мінез-құлықтың тамыры бала күннен басталады. Егер бала махаббат пен мейірім көрмесе, ересек шағында сол жетіспеушілікті агрессия арқылы сыртқа шығарады. Мұндай адамда эмпатия сезімі төмен, жауапкершілік пен моральдық тежегіштер әлсіз», – дейді маман.

Сондай-ақ ол отбасындағы қарым-қатынастың бұзылуы, адамның бала күннен зорлық-зомбылық көруі немесе эмоциялық ескерусіз қалуы да осындай әрекетке итермелеуі мүмкін екенін айтады. Маман бұл мәселеге бейжай қарамай, баланың ішкі жан-дүниесіне ерте жастан көңіл бөлу, отбасылық кеңестер мен тәрбие жұмыстарын күшейту қажеттігін алға тартады.

Статистика сөйлесе...

Өткен жылы жүргізілген зерттеулерге сенсек, Қазақстанда отбасылық

санасында елеулі өзгерістер орын алуда. Әсіресе, эгоцентризм мен индивидуализмнің артуы қазіргі қоғам үшін алаңдатарлық үрдістердің бірі. Жастардың «алдымен – өзім», «өз мүддем – бәрінен биік» дейтін дүниетанымға бет бұруы қоғамның ішкі байланыстарын әлсіретіп, ұрпақтар арасындағы алтын көпірді үзіп жатыр.

Эгоцентризм – адамның тек өз қажеттілігін, сезімін, ойы мен мақсатын басты құндылық деп қабылдауы. Индивидуализм – өз алдына тәуелсіз болуға ұмтылу, ұжымдық құндылықтардан алшақтау. Бұл екі ұғым жастардың өз болашағына жауапкершілікпен қарауына мүмкіндік берсе де, отбасы, қоғам алдындағы парыз, үлкенге құрмет, кішіге қамқор болу сияқты ұлттық-рухани құндылықтардың екінші орынға ысырылуына себеп болып отыр. Салдарынан екі ұрпақтың, ата мен немеренің, әке мен баланың арасындағы байланыстың жібі үзілуде. Қария сөзіне құлақ аспайтын, ата-ананың ақылын қажет етпейтін, тіпті бірге тұруды ауырсынатын буын қалыптасып келеді. Мұның соңы қоғамда қарттарға деген құрметтің төмендеуіне, тіпті оларды қарттар үйіне тапсыруды қалыпты құбылыс ретінде қабылдауға апарып соқты.

Психолог маман Дамира Ниязова мұндай өзгерістерді тежеу үшін отбасылық тәрбиені жаңғырту қажет екенін айтады. «Яғни балаға кішкентайынан үлкенге орын беру, сөзін бөлмеу, қолғабыс көрсету,



КІМ ҚОРҒАН

жауапкершіліктен басым түсіп бара жатқаны шындық. Кейбір адамдар қарт ата-анасын тек жәрдемақы алу үшін ғана қамқорлық жасап жатқандай әсер қалдырады. Бірақ бұл сырт көзге ғана көрінетін іс, шын мәнінде олар ата-анасының зейнетақысынан ғана пайда табуды көздейді. Мұндай жағдайлар аз емес, ал желіде тараған әкесін ұрып-соғу оқиғасы – осы мәселенің бір айқын көрінісі ғана. Бұл біз білмейтін, көзіміз жетпейтін осындай оқиғалар қаншама екені ойландырады. Қоғамдағы бұл өткір проблемаға қалай қарсы тұруға болады? Қандай қадамдар жасау керек? Осы сауал тұрғысында қоғам пікіріне құлақ түріп көргенбіз.

Айман есімді қызылордалық ару мектеп қабырғасынан бастап отбасылық құндылықтарды насихаттау керек деп есептейді. Оның айтуынша, «Үлкенге ізет, ата-анаға қамқорлық, қарияны құрметтеу – бұл тәрбие сағаттарының, сабақтан тыс іс-шаралардың басты тақырыбы болуы қажет».

Жәнібек есімді жас ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде үлкендерге құрмет көрсетудің жақсы үлгілерін жиі жариялап, мейірімділік пен жанашырлықты дәріптейтін қоғамдық жобалар мен әлеуметтік роликтерді көбейту керек деп санай-

құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызметтердің рөлін күшейту қажеттігін де атап өтті. Олар зейнеткерлер мен қарттар жағдайын бақылап, зорлық-зомбылықтың алдын алу үшін арнайы мониторинг жүргізуі тиіс. Мысалы, әлеуметтік қызметкерлер ауыл-аймақтарда жиі аралап, осал топтарға қолдау көрсетуге бағытталса, мұндай жағдайлардың алдын алу мүмкіндігі артады.

Тілімі түйіні: Тәрбие туралы айтқанда Мағжан Жұмабаевтың сөзі ойға оралады. «Тәрбиеден мақсұт адамды, һәм сол адамның ұлтын, асса барлық адамзат дүниесін бақытты қылу. Ұлт мүшесі әрбір адам бақытты болса, ұлт бақытты, адамзат дүниесінің мүшесі әрбір ұлт бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Қысқасын айтқанда, тәрбиедегі мақсұт «адам» деген атты құр жала қылып жапсырмай, шын мағынасымен адам қылып шығару», – дейді ақын.

Ұлтымыздың «Бүгін қарияға қол көтерген – ертең өмірдің өзінен тентік көреді» деген ұлағаты бар. Қария көңіліне қаяу салу – болашағына балта шабумен тең.

Нұр БАҚЫТ



Тарих толқынындағы



Басы 1-бетте

Сол рухтың бастауында тұрған тұлға – Әуелбек Қоңыратбаев. Ол «Толқынның» тұңғыш редакторы болып, қалам мен ұлт мүддесін бір арнаға тоғыстырған, сөздің қадірін, ойдың салмағын айқындап кеткен дара ұстаз еді. Қоңыратбаев есімі – қазақ әдебиетінің алтын қорында. Ол тек ғалым, ұстаз, қаламгер ғана емес, ұлттың рухани зердесін сақтаушы, әдебиет арқылы ел санасына сәуле түсірген тұлға ретінде жүректерде сақталады.

Толқын – тарих таразысы

Салтанатты іс-шара аясында аудандық мәдениет үйінде «Толқын – тарих таразысы» атты ақындар мүшайрасы өтті. Бұл – тек жыр сайысы емес, бұл – рух пен парасаттың, сөз бен елдік сана бірлігінің мерекесі іспетті.

Өз дәуірінің дүмпуі мен ел тағдырын жырмен, ғылыммен өрнектеген Әуелбек Қоңыратбаев сынды қаламгердің өнегесі бүгінгі жас ақындар үшін де үлгі. Сондықтан да мүшайраның мақсаты – оның есімін еске алу емес, оның рухын, ел мен әдебиетке деген адалдығын жас буынның жүрегіне ұялату.

Мүшайраға аймақтың түкпір-түкпірінен бас-аяғы он бір ақын қатысып, «Толқынның» тарихы мен Әуелбек тағылымын өз жырла-



ға белсенді қатысканы үшін ынталандыру сыйлығымен марапатталды.

Ойын барысында шеберлігімен көзге түскен спортшылар да назардан тыс қалмады. Оларға арнайы «Үздік сұрмерген», «Үздік қақпашы», «Көрермен көзайымы» және «Үздік ойыншы» номинациялары табысталды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге кубок, медаль, диплом және арнайы сыйлықтар тапсырылды.

Бұл турнир – спорттық жарыс қана емес, қазақ журналистикасының бірлігін, ортақ рухын, сергектігін айшықтаған мерекелік

перзентін елін сүйге баулып, көптеген сала мақтаныштарын халыққа паш етті. Араға жылдар салып, «Социалистік Арал», артынша «Толқын» болып тулаған басылым талай таланттың екінші тынысын ашты, жас буынды тәрбиелеудің көркем үлгісін көрсетті. Бүгінде, ақсақалдық жастың асуына иек артқан аудан шежіресі үлкен-кішінің рухани қолдаушысы бола беретіні анық. Әрдайым осы биіктен көрініп, бейнелі сөзбен әдебиет көгінде жарқырай берсін! – деді Аманжол Сақыұлы.

Бұл сөздер – тек құттықтау емес, ел жадындағы газетке берілген әділ баға еді. Шын мәнінде, «Толқын» – Арал өмірінің айнасы, қалың елдің тынысы. Жағалауға соққан әрбір толқын секілді, бұл газет те заманның дүмпуі мен ел тағдырын қағаз бетіне бедерлеген.

Кеш барысында басылымның алғашқы редакторы, ғалым, ұстаз Әуелбек Қоңыратбаевтың ұлы, филология ғылымдарының докторы, профессор Тынысбек Әуелбекұлына аудан әкімінің құттықтау хаты табысталып, иығына шапан жабылды. Сонымен қатар жергілікті суретші, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Берік Бөкешовтің арнайы туындысы тарту етілді. Бұл сөз – ұрпақ алдындағы тағзымның, рухани жалғасудың белгісіндей әсер қалдырғаны сөзсіз. Сахна төрінен Қоңыратбаевтар әулетінің аты аталғанда зал толы көрермен іштей ел тағдырымен ұштасқан бір дәуірдің ізіне үңілгендей болды.

Мұнан соң аудандық «Толқын» газетінің бас редакторы Айдар Сайлауов бастаған шығармашылық ұжымға Қызылорда облысы мен аудан әкімдерінің құттықтау хаттары мен естелік сыйлықтары табысталды. Газетте ұзақ жыл еңбек етіп, өз қолтаңбасын қалдырған ардагерлер мен қызметкерлер де «Алғыс хаттармен» марапатталды.

Кеш барысында профессор Тынысбек Қоңыратбаев сөз сөйлеп, жүрек тебіренетерлік толғанысын жеткізді. Оның әрбір лебізінен әке аманаты мен елге деген құрмет сезіліп тұрды.

Сондай-ақ айтыскер ақын Ерженіс Әбді «Толқын» газетінің мерейтойына арналған арнау жырын оқып, тыңдарманның ыстық ықыласына бөленді. Өлең өрнегі мен шынайы сезім тоғысқан бұл арнау – рухани кештің ажарын аша түсті.

Кеш көркін «Ақтолқын» би тобының

шара болды. Қалам ұстаған қауымның ала доп қуу арқылы серіктестік пен достық байланысын нығайтуы – руханият пен спорттың жарасымды үндестігін көрсетті. Осынау турнир тек доп бәйгесі емес, рух пен ерік, спорт пен шабыттың нағыз тоғысына айналды.

Тағылымды тұлға ұрпағына құрмет

Аталған іс-шаралар легі Арал ауданының мәдениет үйінде аудандық «Толқын» газетінің 95 жылдық мерейтойына арналған салтанатты кешпен қорытындыланды.

Бұл – бір ғана мерейтой емес, бұл – уақыт пен ұрпақтың сабақтастығын, сөз бен рухтың салтанатын айқындаған тағылымды іс-шара. Ғасырлық межеге таяған аудандық басылымның кеші өткеннің елесін тірілтіп, бүгіннің биігін бағамдаған рухани кездесуге айналды.



Салтанатты кешке қатысушылар алдымен газет тарихынан сыр шертетін көрмемен танысты. Сары парактар, ескі суреттер мен жазу машиналары – барлығы да уақыттың үніндей әсер қалдырды. Сол ескі беттерден бір дәуірдің тынысы, қаламның құдіреті, Арал өмірінің шежіресі сезіледі. Кеште аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев сөз алып, басылымның ел өміріндегі рөліне тоқталды. Ол өз құттықтауында газеттің бастау бұлағы мен рухани биігі туралы тебірене айтты.

– Халықтың үні мен құлағы болған ұнжария әуелде «Екпінді балықшы» аталып, алғашқы санына филология ғылымының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев қол қойғаны тарихтан белгілі. Биыл айтулы қаламгердің 120 жылдық мерейтойы қатар тойлануда. Газет қай кезде де өз бағытынан айнымай елдің тәрбие құралына айналды. Атағы жаһанға таныс Аралдың әр

мың бұралған өнері, жас орындаушылардың әсем әні мен сырлы күйі, №260 мектеп оқушыларының «Қағазға түскен тағдырлар» атты сахналық көрінісі түрлендірді.

Іс-шара соңында аудан өнерпаздарының мерекелік концертті көпшіліктің көңілінен шығып, кешті көтеріңкі рухта түйіндеді.

«Толқын» – 95 жыл елмен бірге жасап келе жатқан руханият шежіресі. Ол жай ғана басылым емес, уақыттың куәгері, халықтың жадындағы жазба тарих. Сонау «Екпінді балықшыдан» басталған жол бүгінде елдік рухтың айқын айғағына айналды. Газеттің әр беті – өткеннің ізі, бүгіннің үні, ертеннің үміті. Ал оның тарихын дәріптеу – төл мәдениетімізге, сөз киесіне тағзым ету.

Аружан ОРАЛБАЙ
Қызылорда-Арал-Қызылорда



САБАҚТЫҢ ҰЛТҒЫ

Өмір деген – үлкен өзен, адам соның арнасында ағып келе жатқан кеме іспетті. Сол кемелің тізгінін берік ұстап, дауылы мен жауынына қарамай, бағытынан таймай, адамдық қасиет, адалдық, еңбекқорлық сияқты құндылықтарды серік етіп жүрген жандар бар. Сондай тұлғалардың бірі – нағыз дос, мықты азамат Әлайдар Сануарұлы Сейтжанов.

Биыл міне, Әлайдар-достың өмір жолындағы үлкен белесі – 60 жастың асуы! Бұл – жай ғана сан емес, мағынасы терең, мазмұны мол, артта қалған еңбек пен алда күтіп тұрған жаңа белестердің түйіскен тұсы.

Осындай жасты қазақ: «Алпыс – абыздыққа бастар жол», «Алпыста ақыл толысады», «Алпыс – ардың ісі», «Асқаралы алпыс», «Алпыс – талтүс», т.б. айшықты сөздермен сипаттап, ерекше мән береді. Біздің Әлекең де мұны терең сезінген, ертерек ақыл тоқтатқан, малым – жанымның садақасы, жаным – арымның садақасы деп әрбір сөзі мен ісіне жауапкершілікпен қарайтын нағыз абыз азамат.

Өзінің осындай шүкіршілігі мен ел сүйсіңтер істері бар, қоғамға керекті бар Әлайдар Сануарұлының өмір жолы – жас ұрпаққа өнеге. Ол 1965 жылы 15 қарашада оңтүстік өңірдің қасиетті топырағы – Отырар ауданы, Көксарай ауылында дүниеге келген. Балалық шағы ауылдың қоңыр тіршілігімен, тазалық пен шынайылықтың иісі аңқып тұрған ортада өтті. 1973 жылы М.Әуезов атындағы мектептің табалдырығын аттап, 1983 жылы сол мектепті үздік бітірді.

Жас талапкердің білімге деген құштарлығы оны арманның үлкен айдынына жетеледі. 1983 жылы әйгілі Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Шығыстану факультетіне түсіп, араб тілі және қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары білім алды. Ойлап қарасаңыз, ол кезде араб тілін меңгеру екінің бірінің қолынан келмейтін іс болатын. «Арабша үйреніп, Құран тілін түсінем» деген арманын жүзеге асырып, тілі мен діліне адал қалпында еңбек жолын бастады.

1984-1986 жылдары Кеңес әскерінде Отан алдындағы борышын өтеді. Қайда жүрсе де тәртіп пен жауапкершілік – оның өмірлік ұстанымы болды.

Университет қабырғасынан кейінгі еңбек жолы да жарқын іздерге толы. 1991 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқытушы болып қабылданып, еңбек жолын бастады.

1992-1995 жылдары Түркияның Едірне қаласындағы Тракия университетінде білім алып, магистрлік диссертациясын сәтті қорғап, халықаралық деңгейдегі маманға айналды. «Досы көпті жау алмайды» дегендей сол елден досты да, бауырды да тапты, өмірге көзқарасын кеңейтіп, рухани байып оралды.

Түркиядан оралған білікті маман университетте кафедра меңгерушісі, факультет деканының орынбасары сияқты жауапты қызметтер атқарды. Осы күні университеттегі әріптестері әлі де оның білім беруге деген адалдығын сөз етсе, студенттері ұстаздық парасатын ерекше құрметпен мақтаныш етеді.

2013-2014 оқу жылында Қызылорда қаласындағы «Болашақ» университетінде оқу-әдістемелік басқарма басшысы қызметін атқарды. Университет мамандықтарының типтік бағдарламалары мен оқу жоспарларын ретке келтіруге тыңғылықты жұмыс жасады.

2014-2024 жылдары Халықаралық «ORDA» жоғары колледжінде директордың оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болса, бүгінде сол колледждің халықаралық қатынастар жөніндегі директордың орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Әлайдар Сануарұлы ұзақ жылдар бойында жас ұрпаққа білім мен тәрбие тәрбие беруде сіңірген еңбегі үшін «Батыр шапағаты – Бауыржан Момышұлы» төсбелгісімен, «Қазақ елінің Құрметті педагогі», «Қазақстан патриоты» төсбелгілерімен, сондай-ақ «Қорқыт ата атындағы Алтын медаль», «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне – 80 жыл» төсбелгісі, «Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетіне – 75 жыл» төсбелгісімен және облыстық білім басқармасының құрмет грамоталарымен марапатталды.

Осылардың ішінде Әлайдар Сануарұлының ең үлкен марапаты – әріптестерінің сыйластығы мен шәкірттердің алғысы. Осының бір дәлелі ретінде бір әзіл аралас әңгіме айта кетейін. Әлекең университетте Филология факультеті деканының орынбасары қызметін атқарып жүргенде Түркиядан жүзден аса студент келіп, білім алды. Сол студенттердің бірі жатақхана тәртібін бұзса, бірі сабақтан көбірек қалай қойған, енді біреулерінің оқу үлгерімі төмендеп кеткен екен. Сөйтіп жаңағы бір топ студент өздерінің қамқоршы әкесіндей болған Әлекеңнің кабинетіне келеді ғой. Әлекең оларға ескерту жасап, аздап ұрысып алып, бірақ мәселелерін шешіп береді. Риза болған түркиялық студенттер өздерінің дәстүрлі әдетімен құрмет көрсетіп жатқан кезде мен келіп қалдым. Сол кезде менің көз алдыма «Ғаламат ғасыр» фильміндегі сұлтан Сүлеймен елестеп кетті. Әлекең сұлтан сияқты өзінің орынтағында отыр, ал аналар кезек-кезек «қожам, қожам» деп қолын сүйіп, маңдайына тигізіп жатыр. Мені көре сала Әлекең орнынан атып тұрып, «Өренжілер, мынау менің арқадашым, бұл да қожа» дегені сол еді, студенттер менің қолымды сүйуге ұмтылды. Мен: «Ой, қойындар, мен қожа емеспін, қыпшақпын», – деп әзер тоқтаттым. Әлекең: «Бұлардың «қожа» дегенді «ұстаз» мағынасында қолданады, сен де оларға сабақ беріп жүрген ұстазсың, қожасың ғой», – деп ақталып, бәйек болып жатыр. Өйткені Әлекеңнің руы қожа, оның ішінде сөйіт қожа аталығынан. Мен кейде осыны достар ортасында Әлекеңе қарап: «Мен де қожамын» деп әзілдегенде, ол: «Сен де айтасың-ау», – деп қалжыңды түсіне қояды. Бұл – Әлайдардың анкылдақ әккөңілдігінің, жұрттың біріне жақсылық жасауға, қол ұшын беріп көмек беруге дайын екендігінің белгісі.

Дос дегенде біздің Әлайдардай сөздің жүйесін келтіріп сөйлейтін азаматты айтуға болады. Өзі байыпты, сөзі салмақты. Осы қабілетімен достар ортасында асабалық қызметті ешкім айтпай-ақ қолға алып кетеді. Кейде қалаған адамына сөз беріп алып, ол сөйлей бастағанда тоқтатып қойып, оны жеріне жеткізе мақтап, абыройын асырып «комментарий» айтқанда мерейін өсіп, «шынымен де мен сондаймын ба?» деп сеніп қаласың. Міне, осындай асыл сөздің иесі, салмақ пен сабырдың, көркем мінездің үлгісі, тамаша дос – Әлекең алпысқа келіп отыр.

Алпыс жыл – аз уақыт емес. Бұл уақыт ішінде адам баласы талай белес пен белді бағындырады. Әлайдар Сануарұлы сол жолдан абыроймен өтті. Ол – отбасына қамқор әке, білімді маман, білікті башы, достарына сенімді серік, парасат пайымы мықты адал азамат.

Құрметті дос! Алпыс жас – ақыл мен сабырдың, парасат пен даналықтың биігі. Алдағы өміріңіз тек қуанышқа толы болсын. отбасың аман, денсаулығың мықты болсын. Өзіңнің өзегіге керек екенінді ұмытпа. Әлі де талай еңбегің ел игілігіне жарайтынына сенімдімін.

Жастық артта қалды деме, досым, ғаламат ғасырда өмір енді қызық болайын деп тұр, маған сен!

Аман АБАСИЛОВ

ЗАМАННЫҢ ҚОЖАСЫ ДА, ТҮТҚАСЫ ДА – ЖАСТАР

Басы 1-бетте

Үлкен дәлізде арнайы көрме ұйымдастырылған. Онда робот күшік, футбол ойнайтын дрондар мен VR жобалар да қойылған. Ал дрондар жарысын тамашалаған соң концерт залына қарай жылжыдық. Бізді үлкен сахна, жарық пен жасанды интеллект көмегімен жасалған бейнеролик күтіп алды.

Ашылу салтанатына арнайы келген облыс әкімі аппаратының басшысы Әділхан Мұхамедияров қатысушыларға сәттілік тілеп, сөз сөйледі:

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бізге жасанды интеллект технологиясын дамыта-тын, оны күнделікті өмірге енгізе алатын маман-дардың жаңа буыны қажет. Жастар IT саласын, стартап мәдениетін, жасанды интеллект пен «Big Data» технологиясын меңгерсе, Қазақстанның бола-шағы мықты болады», – деп алдағы үш жылда еліміздің цифрлы мемлекетке айналуы керектігін атап өтті. Қызылорда экожүйесі дамыған, цифрлы мүмкіндіктері бар жаңа заманның жаңғырған қаласы ретінде жасанды интеллект жобаларын батыл енгізетін аймақтардың бірі болуы керек. Бұл бағытта цифрлық технологияларды дамытуға әрдайым қолдау көрсетіліп келеді.

Шын мәнінде «Inno.Fest» – мүмкіндіктер алаңы. Бүгінде араларыңыздан жасанды интеллекттің жаңа деңгейге көтеретін, қазақстандық нейрожүйе жасайтын жас ғалымдар мен инноваторлар шығады деп сенеміз. Сондықтан өз идеяларыңызды нақты өнімге айналдырудан қорықпаңыздар! Біз сіздерді әрдайым қолдаймыз! Қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді Әділхан Мерекеұлы.

Сонымен қатар цифрландыруға ерекше үлес қосып, ірі жобаларымен танылған IT компанияларға облыс әкімінің атынан «Үздік серіктес» номина-циясы табысталды. Бишілер билеп сахнаны оятса, саксофон мен скрипка қатысушыларды ерекше жігерлендірді. Кейін «Inno.Fest Qyzylorda – 2023» фестивалінің жеңімпазы, «Cortex AI» стартапының негізін қалаған Асылжан Абдуллаев сөз сөйлеп, алғашқы жобаларына тоқталды. Ал фестивальдің спикерлерін, арнайы жұлдызды қонақтарын Жандос Оразмаханов таныстырды. Олардың қатарында Асқар Болат, Ғани Абадан, Жандос Оңалбеков, Тимур Бектұр, Джесу Ким, Айдос Жұманазар, Дәурен Серғазин, Азамат Тұрсынбай мен Ғани Абдиев бар. Міне, қонақтарды таныстырып, ережелерді түсіндіріп болған соң,

әр бағыт бойынша бөлінетін уақыт та келді. Ал осы аралықта спикерлермен әңгімелесудің сәті түсті.

Актер, режиссер Дәурен Серғазин: «Мұндай іс-шараға қонақ ретінде алғаш рет қатысып жатырмын. Танертеңнен бастап түрлі жобамен, студенттермен таныстым. Шыны керек, IT саладағы жетістіктері мен бастамаларын көріп жаным жылып қалды. Арнайы оқу орындарының ашылғаны да қуантады. Өзім білмейтін біршама дүниені кішкентай балалардың арқасында біліп жатырмын. Фестиваль өте жоғары дәрежеде ұйымдастырылған деп айта аламын».

«Eduser» компаниясының бас директоры, кәсіпкер Айдос Жұманазар: «Бұрындыра араныңда роботтар жүреді деп айтса, тек әңгіме ретінде қабылдайтынбыз. Ал қазір дәл сол роботтар жанымызда жүр. Оларды біздің жастар, студенттер жасап жатыр».

Бақ сынауға 1600-ге жуық жас тіркелсе, жалпы есепте 250 команда қатысқалы жатыр екен. Елестетінізші, байқауға тіркелу үшін Өнер орталығына 1600 қатысушы келді. Бұл аймақ жастарының белсенділігі мен дамуға деген құлшынысты көрсетеді. Расымен қуантарлық жайт. Ал ерекшелігі – облыс деңгейінде ұйымда-стырылған инноваторлар додасына Қызылордадан бөлек, Астана, Алматы, Жезқазған, Түркістан, Шымкент, Ақтау, Тараз қалаларынан қатысушылар келген. Міне, нәтиже!

Айта кеткен жөн, «Inno.Fest Qyzylorda» ере-жесі бойынша қатысушылар «Software Dev», «AI», «Movies & video» бағытына бөлініп, 24 сағат ішінде идеядан прототипке дейін IT саласында жоба жасау қажет. Фестивальдің негізгі мақсаты – аймақ дамуына қажетті жаңа инновациялық идея-ларды қолдау, IT бағытына қызығушы жастардың жобаларын қаржыландыруға мүмкіндік беру және жаңа есімдерді шығару. Әр бағытқа тоқталсақ, «Software Development» код жазуға бейім жастарға арналған. Яғни қатысушылар берілген тапсырма негізінде IT-әзірлеме жасайды. Ал «Artificial Intel-ligence» бағытындағылар кейстерді шешу арқылы ЖИ құралдарын әзірлесе, «Movies & Video»-да қатысушылар 2 минуттық қысқаметражды бейне-ролик түсіріп, өз идеясын бейнелеу арқылы көрсетеді.

Келесі нүкте сол жағалаудағы Оқушылар сарайы. Мұнда «Movies & video» бағыты өтеді. Қатысушылар мен спикерлер жиналып, түрлі сауал мен жауап айтылды. Әр жастың ойы ортаға салынды. Өте мықты коммуникацияның куәгері болдық. Дәл осы сәтте «AI» қатысушылары Болашақ университетіне жиналса, «Software Dev»-тің жастары IT паркті жаулады. Осылайша сол жағалау нағыз инноваторлардың алаңына айналды. Тапсырма берілді, уақыт кетті. Енді тек делайынға үлгеріп, жобанды таныстыру ғана қалды. Кеш те батты, астың уақыты жақындады. Бірақ қатысушылардың тамаққа бет бұрғысы жоқ. Алғашқы күн осылай өтті.

8 қараша. Таң. Біз де диктофонды қолға алып, қатысушыларға беттедік. «Фестиваль өте жоғары деңгейде өтіп жатыр», «Спикерлердің тренингі қатты ұнады. Тәжірибе жинауға, дамуға, әрі қарай жұмыс істеуге үлкен серіпін берді», – деген пікірлер айтылды. Ал Нұрбол Хамитов байқауға қатысуға 5 оқушымен Кармакшы ауданынан келген екен. «Оқушыларым «Кино және видео» бағытына қатысып жатыр. Мүмкіндігімізді көрсетіп, үздік екенімізді дәлелдегіміз келеді», – деді ол. Қазалыдан келген кішкентай қатысушы Серік те жеңімпаз атанатынына сенімді екенін айтып, әрі қарай жұмысын жалғастырды.

Делайын уақыты келді, жоба қорғау басталды. Ортаға кезекпен қатысушылар шыға бастады. Бірі қолындағы планшетті бір сәтке ысырып, терең тыныс алды да, қазылар алқасына қарады. «Менің жобам...» деген сәл қобалжыған дауысы залды бір сәт үнсіздікке бөледі. Ал сыртқа кезегін күтіп тұрғандар да демін ішке тартып, әр сөзді, әр қимылды байқап отыр. Міне, дәл осы сәтте мұның тек байқау емес, әр қатысушының еңбегінің, талант пен жігердің көрінісі екенін түсінесіз.

Барлық жоба қорғалды. Қазылар алқасы шешім шығарып, марапаттау рәсімі басталды. Қатысушылардың көзінде үміт пен қобалжу, ал көрермендерде қызығушылық бар еді. Жеңімпаз командалар сахнаға шығып, марапаттарын алған сәтте түрлі эмоцияға куә болдық.

Қолына сертификат ұстап, қуаныштан жылаған-дарға қарап, құлды өзіміз жеңімпаз атанғандай сезіндік.

Фестиваль аясында 9 жоба үздік деп танылды. Оларға жалпы жұлде қоры 5400000 теңгені құрайтын сыйақы үлестірілді. Әр жеңімпаз командаға I орын – 1000000 теңге, II орын – 500000 теңге, ал III орын иеленгендерге 300000 теңгенің қаржылай сертификаттары табысталды. Бұл тек қаржылай сыйлық емес, олардың идеясы мен еңбегінің танылуы, алдағы үлкен жетістіктерге алғашқы қадам еді.

Мұнан бөлек, Халықаралық IT университеті, Ашық университеті, Болашақ университеті және Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің білім гранттары берілді. Ал 6 жастағы Жазира Сағыноваға «Ең жас қатысушы», Айжан Жұмаділдаеваға «Үздік рилс», Нұрислам Өтегеновке «Үздік обзор» номинациясы мен арнайы сыйлықтар табыс етілді.

Заманның қожасы да, тұтқасы да – жастар екеніне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Оқушы да, жасөспірім де, студент те бақ сынаған алаңда ешкімнің ұтылмағанын айтқымыз келеді. Сыйақы немесе білім грантын алмаған күннің өзінде де әр қатысушы жобасын жүзеге асыр-ды, білікті маман-дардан кеңес алды, қорқынышын жең-ді. Ең бастысы – болашаққа бір қа-дам жасады.



ШАБЫТ БЕРГЕН ФЕСТИВАЛЬ

«Біздің командада кез келген қадам ортақ шешім арқылы нақтыланады. Байқау-ға қатысу туралы идеяны қыздарға айтқаным сол еді, олар бірден қолдады. Осылай-ша үшеуіміздің де ойымыз бір жерден шықты», – деп сөзін бастады Адэля Сайын. Иннофест қатысушыларымен ұйымдастырған сұхбаттар легінің кезекті кейіпкерлері – қаламыздағы №3 IT мектеп-лицейінің оқушылары Адэля Сайын, Мадина Жұмабай мен Сәния Кенжалиева. Олар шығарма-шылық бағытта ерекшелігімен көзге түсіп, Халықаралық Астана IT университетінің білім грантын жеңіп алды.



– Білдімше, «Кино және Видео» сек-циясында бақ сынадыңыздар. Неліктен дәл осы бағытты таңдадыңыздар?

Мадина: – Бұл бағытты таңдаған себебіміз – ойымызды, сезімімізді және қоғамдағы өзекті тақырыптарды шығарма-шылық арқылы жеткізу еді. Біз үшін бұл сала ерекше қызық, әрі бір ғана сайыспен шектелгіміз келмейді. Алдағы уақытта да түрлі байқау бақ сынап, мектебіміздің атын шығарғымыз келеді.

– Ал байқауда қандай тақырыптағы бейнеролик ұсындыңыздар?

Мадина: – Жобамыздың тақырыбы – «Söngen Järyk». Байқау бағыты «Фейк пен шынайы өмір» деп аталды. Бейнеролик шынайы өмірден алынған сюжетке негіз-делген. Онда әпке мен сіңлі арасындағы байланыс, өкініш пен өмірдің өткініштілігі бейнеленеді. Әпкесі сіңлісін таксиге жалғыз отырғызып жібереді, алайда бұл шешім қайғыға ұласады. Кейіпкер сіңлісімен өткен бақытты сәттерді естеткенімен, сонында көрермен оның бәрі ойдағы қиял екенін, шыныдық мүлде басқа екенін түсінеді. Бейнеролик арқылы біз көрер-менге уақыттың, жақын жандардың және қарапайым қамқорлықтың қадірін дер кезінде бағалау керектігін жеткізгіміз келді. Жұмыс барысында мен оператордың жұмы-сын реттедім. Видеоның сапалы, жоғары деңгейде шығуына жауапты болдым.

Сәния: – Иә, мен де келісемін. Кино және видео секциясының тақырыптары ашылғанда, көптеп бері ойымда жүрген идеяны жүзеге асыратыныма қатты қуандым. Менің арным – еліміздегі әлеуметтік мәселелерді кино тілімен көрсету еді. Бұл идеяға режиссер әрі актер Рүстем Омаровтың шығармашылығы шабыт берді. Командамен ақылдаса келе, осы бағытты, осы мәселені, ойды бейнежобаға айналдырдық. Командада мен режиссердің рөлін атқардым. Басты міндетім – барлық процесті біріктіріп, идеяны көрерменге түсінікті әрі әсерлі етіп жеткізу және жобаны қорғап шығу.

– Адэля, түсірілім барысында қандай қиындықтар болды?

Адэля: – Ең үлкен қиындық – ауа райы болды. Соған қарамастан, біз тоқтамай, кадрлардың табиғилығын сақтап қалуға тырыстық. Сценарийді барлығымыз бірі-гіп жаздық: кімде қандай ой туса, бәрін ор-таға салып талқыладық. Әрқайсымыз өз міндетімізді сезініп, барынша жауапкерші-лікпен қарадық. Белгілі бір адам тек бір ба-ғытқа жауап берді деп айта алмаймын. Бұл нағыз командалық жұмыс болды. Біріміз түсіріп жатсақ, екіншіміз жарықты, үшін-шіміз дыбысты қадағалап отырдық. Сон-дықтан бұл бейнеролик – үш адамның ортақ еңбегінің нәтижесі.

– Болашақта осы салада, яғни кино, медиа бағытында жұмыс істеу ойда бар ма?

Адэля: – Иә, фестивальден кейін менің көзқарасым өзгерді. Кәсіби тұрғыда айна-лысып көруге болады екен деген ой келді.

– Қыздар, қалай ойлайсыздар, мұндай шаралар жастарға не береді?

Сәния: – «Inno.Fest» мен үшін ерекше тәжірибе болды. Бұған дейін де қатыстым, бірақ алғашқы жылы көпшілік алдында сөйлеуден ұялатынымын. 2023 жылғы байқау-дан кейін өз-өзіме сенімді болып, түрлі жарыстарға қатысып, жұлділі орындарға ие болдым. Ал быыл «Inno.Fest 2025» байқауында грант ұтып алу – мен үшін үлкен жетістік. Бұл фестиваль маған жаңа достар, жаңа ойлар және мол тәжірибе сыйлады. Ең бастысы – өзіме жаңа қырынан қарауға мүмкіндік берді.

– Бір сөзбен айтқанда «Inno Fest» сіздер үшін ...

Адэля: – «Inno.Fest» мен үшін – эмо-цияға толы сәттер.

Мадина: – «Inno.Fest» – үлкен мүмкін-діктер мен өзінді жаңа қырынан көрсету алаңы.

Сәния: – «Inno.Fest» – естеліктерге, шабыт-қа және жаңа бастамаларға толы ерекше сайыс.

Бетті әзірлеген Инжу МАРЖАН

СЫР БОЙЫНАН ШЫҚҚАН БОЛАШАҚ СТИВ ДЖОБС

12 жасыңызда ұялы телефонға арналған операциялық жүйе жасай алдыңыз ба? Осы сұраққа нақты жауап беретін жас талант – Нұрислам Айбекұлы.



Өткен демалыста Қызылорданы инноваторлардың алаңына айналдырған «Inno.Fest Qyzylorda – 2025» байқауында бақ сынаған Нұрисламның жасы 12-де. Ол Сырдария ауданының Шаған ауылындағы №37 мектеп-лицейінде 7-сынып оқиды. 1600 жас қатысқан жарыста асығы алшысынан түсіп, топ жарды. «Software Dev» бағыты бойынша 1-орын алып, 1 миллион теңге сыйақыға ие болды. Жас болса да, ойынмен қатар дамуды қолға алған кейіпкерімізді құттықтаймыз!

Бұл қандай жоба және байқау қалай өтті? Дәл осы сауалдарға жауап алу үшін Нұрисламның өзімен байланысқа шықтық. Телефон тұтқасын көтеріп сәлемдескеніңіз өзінен-ақ қуанышы сезілді.

Әуелі танысып, сабағы жайлы сұрадық. Технологияға жақындығы да жай емес екен.

«Құттықтауыңызғаракмет! Жағдайым жақсы», – деп сөз бастаған ол, қандай пәнді жақсы көресің деген сұрағым: «Маған информатика, ағылшын мен физика пәндері ұнайды. Сабақты асыға күтемін. Себебі әр тақырыпты өткен сабақтан түрлі мәлімет аламын, қызығушылығым одан әрі артады. Ал информатикаға қызығушылығым 7 жаста басталды», – деп жауап берді.

Жас талант өз жобасы «Extmos» туралы әңгімелеп берді. Жоба идеясы ағылшын бағдарламашысы Терри Дэвис жасаған 64 биттен тұратын операциялық жүйеден басталған. Нұрислам оны жетіп, өзіне ұнаған тұстарын алып, Қазақстанда өзіне тән, халыққа пайдалы операциялық жүйе жасауды ойлап тапқан.

Бұл – ұялы телефондарға арналған қауіпсіз операциялық жүйе. Жобаның басты мақсаты – хакерлік шабуылдардан қорғау, қандай операция жасалса да қатпау және Android пен iOS жүйелеріне қарағанда қауіпсіз болу. Жоба жасау барысында ең қиыны – «Bootloader» құру болған.

«Марапаттау кезінде аты-жөнімді естігенде, шыны керек сенбедім. Бір жағынан әділ қазылардың жобамды жоғары бағалағанына қатты қуандым», – деді ол.

Оның болашақ жоспары да зор. «Мен бұл жобаны әрі қарай жетілдіріп, IT саласында өзімді дамытуға ниеттімін. Болашақта Apple сияқты әлемге танымал компания құруды армандаймын», – дейді жас дарын.

КӨЗГЕ ЖАРЫҚ СЫЙЛАЙТЫН ЖОБА

Қазылар алқасының көңілінен шыққан ерекше жобаның бірі – «Qarashyk». Жоба авторлары Ибраһим Тамшыбай мен Ақшолпан Ибайдулла «AI» бағытында бақ сынап, Нұрсұлтан Назарбаев қорының 1 миллион теңге көлеміндегі арнайы қаржысын жеңді.

Ибраһимнің айтуынша, «Inno.Fest» – тек жарыс емес, тәжірибе алаңы. Орыны ерекше, себебі мұнда шынайы бәсеке бар, ой мен техника тоғысады. Ал атмосфреасының шабыт сыйлайды.

Жоғарыда айтқанымыздай, командада 2 адам жұмыс істеген. Идея авторы мен техникалық жетекшісі Ибраһим болса, жобаның дизайны мен нарықтық талдауына Ақшолпан жауапты болған. «Біз «Artificial Intelligence» бағытына қатыстық. Ұсынған жобамыз – «Qarashyk». Бұл нашар көретін адамдарға арналған құрылғы. Камера арқылы кеңістікті талдап, оның сипаттамасын дыбыспен жеткізеді. Негізгі ой – технология адам өмірін жеңілдетуі керек. Мен құрылғының



архитектурасын, бағдарламалық және аппараттық бөлігін, сондай-ақ презентация процесін басқардым», – дейді Ибраһим.

Әрине сайыс жобаның соң өзіндік қиындықтары да болады. Ақшолпан жобаны жүзеге асыру кезіндегі сәтті есіне түсірді.

«Бізге ең алдымен уақыт шектеулі болды. Барлығы алты сағаттың ішінде дайын болу керек еді. Сондай-ақ техникалық қателіктер мен құралдар тапшылығымен де бетпе-бет келдік. Десе де барлығы онымен болып, шешімін тез таптық. Қазылар жобаның әлеуметтік маңызын және практикалық қолданылуын жоғары бағалады. Идеяның өміршеңдігі мен ЖИ қолданудың тиімділігі ерекше аталды.

Фестиваль ұйымдастырушыларына алғыс айтамыз! Себебі мұндай жарыстар – мінез мектебі. Мұнда адам тек техника үйренбейді, өзіне сенуді, қысымда шешім қабылдауды және командамен жұмыс істеуді үйренеді», – деді жеңімпаз.

Ибраһимнен басты қарсыласы жайлы сұрап едік, «Байқаудағы басты қарсылас ретінде «TrailX team» командасын айтар едім», – деп жауап берді.

Алдағы уақытта дәл осы құраммен басқа да байқауларға қатысу ойда бар. Өнертапқыштар жоба ауқымын кеңейтуді көздеп отыр.

«Бұл біздің алғашқы қадамның бірі, бұл тек бастамасы. Алдағы уақытта зерттеу және коммерция бағытында да жұмыс істеуді жоспарлап отырмыз», – деп бөлісті олар.

ЖАСТАР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ

«125 High School Kyzylorda» мектебінде «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалы және «125 High School Kyzylorda» мектебінің ұйымдастыруымен «Чемпиондық рух» жобасы және «Bir tolqyn» ашық диалог алаңы өтті. Қызылорда қаласында алғаш рет ұйымдастырылған жобаның мақсаты – жастар арасында еңбек етіп, көк туымызды көкке көтеріп жүрген спортшыларымызды насихаттап, салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру.



Сұлтанғали, 2022 жылғы «Қазақстан барысы» турнирінің жеңімпазы, «Әлем барысы» турнирінің жүлдегері, қазақ күресінен Азия чемпионы Мақсат Исағабайұлы, жуырда ғана Мысыр елінің астанасы Каир қаласында ересектер әйелдер арасында өткен пара пауэрлифтингтен үш тәсілдің қорытындысы бойынша 285 келі нәтижесімен Әлем чемпионы, Пара пауэрлифтингтен Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының мүшесі, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Фариза Төлжан және сол байрақты бөсекеде жасөспірімдер арасында сыңға түсіп, Азия және Әлем рекордын жаңартып, қатарынан екінші мәрте Әлем чемпионы атанған Снежанна Бойко арнайы келді.

150 жастың қатысуымен өткен «Чемпиондық Рух» жобасын «Жастар Рухы» Жастар қанаты Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Әсетхан Баймұрза ашып берді.

– Еліміздің түкпір-түкпірінде чемпиондардың қатысуымен өтіп жатқан ауқымды жобаның ұйымдастырушысы – AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанаты. Аталған шараның Сыр елінде өтіп жатқаны

біз үшін үлкен қуаныш. Осы арқылы жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастырып, олардың спортқа деген қызығушылығын арттыра аламыз деп сенемін. Сонымен қатар жас буындар чемпион аға-әпкелерімен кездесіп, өздерінің сауалдарын жолдап, қажетті мағлұматтар алады. Қолдап келген қонақтарымызға шынайы алғысымды білдіремін, – деді Әсетхан Қазиханұлы.

– Кейінгі уақытта Сыр елінің қай жағынан болмасын алғашқы орында екенін жақсы білеміз. Сол секілді жастарымыз да биік белестерді бағындырып келеді. Бүгін сіздермен осындай басқосуда жүздескеніме дән ризамын. Әр қадам, әр жаттығу сайын рухы мықты, денесі сау, тек шаршы алаңда ғана емес, өмірде де жеңіске жетуге дайын жаңа ұрпақ шыңдалады. Алдағы жоспарларыңызға сәттілік тілеймін. Сыр елінің жастары рухты, жігерлі, білімді бола берсін, – деді Айдос Сұлтанғалиұлы. Мұнан соң Мақсат Исағабайұлы, Фариза Төлжан, Снежанна Бойко жастарға таңғы жаттығу жұмыстарын жүргізді.

«Чемпиондық рух» жобасынан кейін «125 High School Kyzylorda» мектебінің 3-ші қабатында жастар чемпиондармен «Bir tolqyn» ашық диалог алаңы

ұйымдастырды. Ел мақтаныштары өздерінің бастан өткерген қиын әрі қызықты сәттерімен бөлісіп, жастардың сауалдарына жауап берді.

Мәселен, «125 High School Kyzylorda» мектебінің 10 сынып оқушысы Амина Бахиева спортшылардың кімді үлгі тұтатынын, алдағы жоспарларын сұрады. Сол секілді мектеп директоры Гүлнұр Мырзабекқызы жастардың әрдайым көңілді жүруі үшін қандай жаттығулармен шұғылданғаны дұрыс екенін сұрады. Басқосу барысында алдағы Ұлттық бірінғай тестке дайындалып жатқан оқушылар, белгілі спортшылардың емтиханнан қанша балл жинап, қандай мамандықта білім алғаны туралы да әңгіме-диалог құрды.

Өздерінің ерекше сәттерімен бөліскен спортшылар алға қойған мақсаттары жолында аянбай еңбек етіп, білім алу керектігін айтты. Сондай-ақ ата-аналарының үмітін ақтап, жалқаулықтан алшақ болуға шақырды.

Кездесу соңында «125 High School Kyzylorda» мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Әли Кеңесұлы чемпиондарға жыр арнап, жастар естелік суретке түсіп, ерекше көңіл-күйде тарқасты.

Абзал ЖОЛТЕРЕК

17 ҚАРАША – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР КҮНІ

СТУДЕНТТІК ӨМІРДІ САҒЫНДЫМ, БАСТАУЫНДАЙ БАҒЫМНЫҢ...

Студенттік шақ – адам өміріндегі ең ерекше, ең естен кетпес кезеңдердің бірі. Ол жылдар – армандар биігіне ұмтылған, үміт пен ізденіске толы жастық дәуірдің алтын беттері. Күн сайынғы дәрістер, кітапханадағы ұзақ түндер мен емтихан алдындағы толқыныс, достармен бірге күліп, бірге мұнайған шақтың бәрі де жүрек түкпірінде мәңгілік естелік болып қалары анық. Бұл өмір кезеңі – тек білім алып, мамандық игеру ғана емес, тұлға болып қалыптасудың, өзін танудың, өмірге өз жолыңмен қадам басудың мектебі.

Біз осы мереке қарсаңында сол ұмытылмас кезеңді еске алып, университет қабырғасынан енді түлеп ұшқан, сондай-ақ студенттік шақты бастан кешіп жүрген жандармен сұхбат құрдық.

Әсел Асылбек, «Сыр жұлдыздары» шығармашылық және инновация академиясы» қосымша білім беру орталығының баспасөз хатшысы:



– Студенттік өмір десе – көз алдыма білімге деген құштарлық пен достыққа толы алтын кезең елестейді. Танертеңгі асығыс сабақтар, аудиториядағы қызу пікірталастар, кешкісін жатақханада ұзаққа созылған әңгімелер...

Ең алғаш есіме оралатыны – жаңа орта, жаңа мақсаттар және арман қуған өзім. Өне-міне дегенше 4 жыл зу ете өтті, ал қазір қарап отырсам университет бітіргеніме де екі жылдан асты.

Иә, университет тек білім ордасы емес, өмір мектебі де болды. Мен үшін сол жылдар – жауапкершілікті сезіну, өз бетіммен шешім қабылдай білу, әртүрлі көзқараспен санасуды үйрену кезеңі еді. Студенттік ортада

ашық болуға, табандылық танытып, өз идеямды қорғауға үйрендім. Менің мамандығым да табандылықты, тапқырлықты талап етеді. Сол үшін де әрдайым шапшаң ойлануға, ақпарат жинауға, оны өңдеп, жариялауға асығатынымын.

Мүмкіндік болса, 1 курстағы алғашқы күнімді қайта сезінер едім. Сол кезде бәрі бейтаныс, бірақ жүректе ерекше бір үміт пен толқу болатын. Сол күнгі өзіме «Бар мүмкіндікті жіберіп алма. Уақыттың қадірін біл, әр сәттен сабақ ал. Қателесуден қорықпа – дәл сол қадамдар сені шындайды» деп кеңес берер едім.

Нұртілеу Жорабек, «125 International School of Turkistan» ЖШС мектебі директорының ғылыми-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары:

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде өткен студенттік жылдарым – өмірімнің ең үлкен мектебі болды. Бірінші курстағы карантиннен кейін ғана аудиторияға барып, ұстаздар мен достардың шынайы энергиясын сезіне бастадық. Сол кезден бастап Аягөз Қожамырзақызы мен



Асыл Қожабайқызы секілді ұстаздардың қолдауы мені белсенді өмірге жетеледі. Кейін студенттік кеңес пен «Жайдарман» ұйымының төрағасы ретінде өзімді сынап, жауапкершілік пен көшбасшылықты үйрендім. Төртінші курста университет ректорының жастар ісі жөніндегі көмекшісі болу – мен үшін үлкен тәжірибе мен сенім мектебі болды.

Университеттегі ұстаздарымды ерекше құрметтеймін. Ректор Бейбіткүл Сәрсемханқызының парасаты, директор Сағат Тамшыбайұлының ұйымдастырушылығы, Ерболат Байменов пен Жандос Нұртайұлының жауапкершілігі мен жаңашылдығы, Жанар Бимұратқызының адами жылуы мен үшін өнеге болды. Сол кісілерден адалдық пен еңбектің, елге қызмет етудің құндылығын ұқтым.

«Студенттік көктем» фестивалі мен «Жайдарман» ойындары – студенттік өмірдің ең жарқын беттері. Бұл кезең маған командалық рух, табандылық және достықтың шынайы мағынасын ұқтырды. Студенттік жылдар мен үшін тек оқу емес, өзін-өзі дамытудың, өмірді танудың және өз орнында табудың алтын уақыты болды.

Мәншүк Оразбекқызы, Қосшы қалалық Мәдениет үйінің маманы:

– Студенттік өмірді еске алғанда, ең алдымен сабақ емес, жүректе із қалдырған жарқын сәттер ойыма оралады. Мен үшін университет қабырғасындағы белсенділік, достық пен шығармашылық – сол кезеңнің айрықша символы. Студенттік шақ – қайта оралмас бал дәурен, өмірдің өз мектебі. Сол жылдары ұстаздарымның бағыт-бағдары мен жоғары курстағы аға-әпкелердің кеңесі арқылы жауапкершілік



пен уақыттың қадірін ұғандым, адамдармен тіл табысуды, өз ойыңды ашық жеткізуді үйрендім.

Егер уақыт кері айналаса, мен міндетті түрде «Студенттік көктемдегі» алғашқы сахнама қайта оралар едім. Сол күндердің жүрек лүпілі әлі де жадымда. Өзіме айтар бір ғана ақылым – оқуды бірінші орынға қойып, әр сәттің қадірін білу. Иә, студенттік күндер артта қалды, бірақ олардың естелігі мәңгі сақталады. Білім теңізінде менің кемем болғанын үшін рақмет саған, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті!

Нұрділдә Талғатұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Педагогикалық-дәстүрлі институтының 1 курс студенті:

– Университетке алғаш келген сәтім әлі есімде. Бір жағынан қуаныш, екінші жағынан аздап қобалжу болды. Себебі жаңа орта, жаңа адамдар, бәрі бейтаныс. Бірақ сол сәттен бастап өзімді үлкен өмірге қадам басқандай сезіндім.

Сабақ, достық, шығармашылық, ізденіс – бұлардың бәрін бірдей алып жүру оңай емес, әрине. Бірақ уақытты дұрыс бөлсең, бәріне үлгеруге болады. Мен көбіне жоспар жасап, ең маңызды істерді бірінші орындауға тырысамын.

Қазіргі студенттер үшін ең маңызды құндылық – өз жолыңды табу деп ойлаймын. Себебі білім мен еркіндік те соған байланысты. Адам өз орнын талса, қалғанының бәрі өзінен-өзі реттеледі.

Ал енді төрт жылдан кейінгі өзіме айтар ақылым: – «Арманыңнан бас тартпа. Қиындық болса да, бұл жолды өзің таңдағаныңды ұмытпа һәм әр қадамыңды нық бас. Сен сахна адамысың, өзіңе сен, еңбектен, сонда бәрі де болады».

P.S: Студенттік шақ тез өткенімен, бағалауға тұрарлық өмір кезеңі. Кешегі балауса арман иесі бүгін үлкен өмірдің табалдырығын аттап, өз жолын тапқан тұлғаға айналды. Ал артта қалған жылдарға деген сағыныш жүректегі ең жылы сезімдердің бірі болып қалары анық. Мерекелеріңіз құтты болсын, студенттер қауымы!

Нұршат НЫШАНОВА



ҰЛТ ҰСТАЗЫНЫҢ ІЗІМЕН...

«Ұлт ұстазы Ыбырай жағып кеткен, өшірмеспіз білімнің шамшырағын». Дәл осы сөздермен іс-шара аяқталып, шымылдық жабылды. Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрының сахнасында өткен «Ұстаз – ұлт келбеті» алғыс айту кеші ерекше әсер қалдырды.



Әдеттегідей емес, есте қаларлық, білімнің де, отбасының да, дамудың да қадірін ұғындырған, кейбір қонақты тіпті жылатқан шара болды. Бәрі ұстаздықтың, білім жолындағы еңбектің биік мәнін көрсеткендей. Ал оны ұйымдастырған – «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының студенттері. Бұл кеш тек марапаттау емес, жастардың дамуына үлес қосқан барша жанға алғыс білдіру және ұстаздықтың абыройын дәріптеу шарасы болды. «Білім Ыбырай» қоғамдық қорының атауы да – ұлт ұстазына деген құрмет. Қазір қорда 122 студент білім алса, республика және әлемдік білім саласында өзіндік жолын тапқан 46 түлегі бар. Биыл қор жұмысының басталғанына 5 жыл. 2020 жылы тек 8 шәкірт болса, бүгінде олардың қатары едәуір артқан. Түлектердің тілегінің де, алғысының да шексіз екенінің куәсі болдық. Кеш барысында Индияның Дели қаласында білім алып жүрген Айда Ертай, Астанадан Ақерке Ақбергелі, Арыс қаласынан Абай Жақұпов арнайы видеосәлемдеме жолдады. Бұл – болашақ мұғалімдердің тек ел ішінде емес, шетелде де білімге ұмтылатынын көрсететін айқын дәлел. «Білім Ыбырай қоғамдық қорының студенттері – болашақ ұстаздар. Олар педагогика саласында білім алып қана қоймай, ағылшын тілін жетік меңгерді, ұстаз ретінде дағды. Өздеріне берілген тапсырмаларды жоғары деңгейде орындау арқылы демеушілер мен меценаттардың

шәкіртақыларына ие болады. Сонымен қатар асылы оқитын студенттердің оқу ақысын төлейміз. Біздің мақсат – жастарды қолдау және елімізге білімді, кәсіби ұстаздарды дайындау», – деді қор демеушісі, кәсіпкер Асхат Нұралыұлы. Кеш барысында демеуші кәсіпкерлер, білім басқармасының өкілдері мен білім саласының мамандары ұстаздардың қоғамдағы рөлі мен жауапкершілігі туралы сөз сөйледі. «Мұғалім – тек білім беруші ғана емес, болашақ ұрпақтың тәрбиешісі, өмірлік бағдар беруші», – деді олардың бірі. Болашақ мұғалімдер сахнада өнерлерін ортаға салып, терме айтып, би билеп, көрініс қойып, ұстаздықтың мәнін көрсетті. Студенттердің қойылымдары тек өнер ғана емес, педагогикадағы жауапкершіліктің көрінісі болды. Олар сахнада Ыбырай Алтынсариннің өмір жолын көрсетіп, ұстаздықты тек кәсіби міндет емес, жүрекпен сезінетін миссия ретінде дәріптеді. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің академиялық мәселелер бойынша басқарма мүшесі-проректор Дана Мейрамқызы: «Бүгінгі кештен келешек мұғалімдердің еңбек етіп, Ыбырай қорында білім алып жатқанын көріп қуанып отырмыз. Студенттердің бағы ашылып, үлкен ұстаз болып, білікті шәкірт тәрбиелеуіне тілектеспіз», – деп атап өтті. Кеш соңында үздік студенттерді марапаттау

рәсімі өтті. «Көрермен көзайымы» номинациясы бойынша Ақбота Қатай марапатталса, үшінші орын – Айдар Ақжолға, екінші орын – Азамат Сейтмахамбетке, ал бірінші орын – Нұрасыл Қалмаханға табысталды. Бұл сәт – болашақ мұғалімдердің еңбегінің, қажыр-қайратының мойындалғаны еді. Қонақтарға алғыс білдірген Азамат Абимолда ұстаздарға жасалған қолайлы жағдайға тоқталды: «Алғыс айту кешіне қатысып, зор қуанышқа бөлендім. Қазір мемлекет ұстаздарға және педагогика саласына қолдау көрсетуді арттырды. Мұғалімдердің мәртебесінің биік болуы, олардың жақаласының өсуі, сондай-ақ педагогика бағытында білім алып жатқан шәкірттердің жыл сайын шәкіртақысының жоғарылауы – осының айқын дәлелі», – деді ол. Асхан Байдаулетов та өз ойымен бөлісті: «Мұғалім – ұлы есім. Баламызды 1 сыныпқа бергенде мектеп емес, мұғалім іздейміз. Барлық мұғалім білікті, білімді. Бүгінгі кеш – студенттердің болашағына бағытталған үлкен қадам. Біз оларды тек біліммен емес, ұстаздық рухпен де дамытқымыз келеді», – деді. Студенттердің креативтілігі де таңдандырмай қоймады. Әр жас тыңдайтын репке де сөз жазып, кеш соңын жандандырды.

«АЖ-ақпарат»



ТІЛ – ӘЛЕМДІ КӨРУ ТӘСІЛІ

Тіл – елдің ең қымбат қазынасы. Ол арқылы біз коммуникация құраймыз, ойымызды білдіреміз. Тілдің функциялары өте көп. Бірақ оның ішіндегі ең маңыздысы – мәдениеттің тіл арқылы сақталып, ұрпақтан ұрпаққа тарауы. Халықта «Қай тілде сөйлесең, сол тілде ойлайсың. Қай тілде ойласаң, сол тілдің жанашырысың» деген дана сөз бар. Иә, сенің сөйлейтін тілің тұлға болып қалыптасуыңдағы процесті анықтайды. Бірақ ол қалай жүзеге асады?

Тіл – ұлттың жаны, оның тарихи жады. Ғасырлар бойы ата-бабамыздың басынан өткен тартыс, олардың салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі – барлығы тіл арқылы біздің қанымызға сіңген. Қазақтың бай ауыз әдебиеті, жыр-дастандары, мақал-мәтелдері мен қанатты сөздері ұрпақтан-ұрпаққа тарап, ұлтымыздың рухани болмысын қалыптастырды. «Тіл – ұлттың сүйенетін тамыры, сыйынатын тәңірі» дегендей, тілсіз ұлттың тамырынан ажырап қалуы әбден мүмкін. Абай мен Жамбылдың, Махамбет пен Шәкәрімнің тарих мұнына толы жырлары, батырлар дастаны – тілдің құдіреті арқылы халықтың рухын көтеріп, санаға сәуле түсірген рухани мұра. Ана тілі – тек сөздерді саптау емес, тұтас бір халықтың тарихы мен мәдениетін ананың ақ сүтімен бойына дару.

Тіл мен ойлау – егіз ұғым. Адам қажеттілігін тіл арқылы жеткізіп қана қоймайды, сонымен бірге ойтолғауда қолданады. Мысалы қазақ немесе орыс тілінде сөйлейтін адамның ойлау жүйесі екітүрлі болады. Қазақ халқы үйлену тойының өзін бірнеше салтанат арқылы ұйымдастырады. Бірақ дәстүрді сақтаған той-думан, орыс менталитетін бойына сіңірген адам үшін мүлдем жат дүние. Біз үшін әр салттың өз мағынасы бар. Ал бұған үйренбеген бөгде адамның оған көнуі үшін біраз уақыт керек.

Тіл – ойдың тікелей шындығы, яғни ой тілдік материалға негізделгенде ғана жарыққа шығады. Әр тілдің өзіндік сөздік қоры, грамматикалық құрылымы мен бейнелі сөз орамдары бар. Оның бірі – «айналайын» сөзі. Бұл сөздің шығу тарихы да өзгеше. «Айналайын» сөзі ертеде, жаратылыс туралы түркілік түсінікпен қатар пайда болған. Бұрын қарт кісі дертке шалдыққан жастарды аман алып қалу үшін өздерін құрбандыққа шалған. Ол үшін ауру адамды киіз үйдің ортасына жатқызып, қарт кісі үш рет айналып, есікке келгенде «айналайын» деп дауыстайды. Осыдан кейін жас кісі жазылып, айналған қария қайтыс болады екен. Онысы «сенің жолыңда менің жаным құрбан» немесе «саған келген пәле маған болсын» дегені...

Егер орыс тіліне аударар болсақ «кружусь вокруг тебя» деген мағынаны білдіреді. Олар қазаққа тән ең жанашыр сөздің мағынасын тілді білмей түсіне аламайды. Бұл ерекшеліктер сол тілде халықтың әлемді қабылдау, тану және ой қорыту қабілетіне тікелей әсер етеді. Сондықтан «Өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті» деген сөздің астарында терең мағына жатыр.

Қоғам дамыған сайын тілдің атқаратын қызметі де арта түседі. Ол тек қарым-қатынас пен ойлау құралы ғана емес, сонымен қатар ұлттық сана мен мәдени дәстүрді сақтап, келесі ұрпаққа жеткізуде маңызды қызмет атқарады. Жаһандану дәуірінде көптеген тіл жойылу қаупінің алдында тұрғанда, ана тіліміздің мәртебесін көтеру – әрбір азаматтың парызы. Қазақ тілі – тек халқының ғана емес, Қазақстанды Отаным деп білетін барша азаматтың ортақ байлығы болуы тиіс.

«Тілі өлген ел – тірі өлген ел» деген қағидағы ұмытпай, ана тілімізді көзіміздің қарашығындай сақтап, оның қолданыс аясын кеңейтуге атсалысу – біздің ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз. Себебі тіл тағдыры – ел тағдыры.

Мерей ШӘКРАТ



Қиял мен шындықтың тоғысқан тұсында, бала арман мен ежелгі аңыздың арасында бір жұмбақ бейне бар. Ол – мүйізді пырақ. Оны ертегі елінде өмір сүретін, маңдайында шиыршықтала біткен мүйізі бар аппақ тұлпар ретінде білеміз. Ал шын өмірде мұндай жануардың болмағанына қарамастан, ол мыңдаған жыл бойы адамзат қиялын тербеп келеді. Неге екені белгісіз, адамдар осы қиялдағы жаратылысқа әлі күнге дейін ерекше сүйіспеншілікпен қарайды.

МҮЙІЗДІ ПЫРАҚТЫҢ МӘНІ НЕДЕ?

Тарих парактарын ақтарсақ, бірегей бейненің тамыры тым тереңде – Ежелгі Грекия дәуіріне дейін созылады. Біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырда өмір сүрген грек дәрігері Ктесий Үнді жерінде «жүні аппақ, көздері көгілдір, ал маңдайында бұрала біткен ұзын мүйізі бар» ғажайып жануар жайлы жазып қалдырған. Ол мұндай тіршілік иесін өз көзімен көрмесе де, ел арасындағы әңгімелерге сенген. Ғалымдар кейіннен Ктесийдің сипаттаған жануары мүйізтұмсық екенін анықтады. Бірақ адам қиялы кейде шындықтан биік – сол сәттен бастап бір ерекше бейне адамзат санасына мәңгі ұялады. Библия мәтіндерінде де «мүйізі бар асау жануар» туралы жолдар кездеседі. Уақыт өте келе оны «единорог» деп атай бастаған. Ғалымдар бұл жерде жабайы бұқа туралы айтылған болуы мүмкін дейді, алайда адамдардың жүрегінде әлдеқашан басқа сурет қалып қойған еді – тылсым күш иесі, сиқырлы жануар бейнесі. Орта ғасырларда мүйізді пырақтың бейнесі мүлде жана мағынаға ие болды. Аңыздарда ол тек пәк қыз ғана бағындыра алатын асау жануар ретінде суреттелді. Суретшілер бұл аңызды ерекше әсермен қабылдап, өз туындыларында жиі бейнеледі. Рафаэль Сантидің атакты «Дама с единорогом» картинасында бұл жануар – тазалық пен адалдықтың нышаны. Ал Леонардо да Винчи оны керісінше – құмарлық пен еріксіз сезімнің белгісі

деп түсіндірді. Міне, сол себепті де мүйізді пырақ бейнесі адам табиғатының екі қырын – рухани тазалық пен тәндік құштарлықты қатар суреттейді. Уақыт озған сайын миф шекарадан асып, мәдениет кеңістігіне сіңіп кетті. Мүйізді пырақ енді ертегі емес, өнердің тұрақты кейіпкеріне айналды. Ол Шекспирдің «Бурясында», ағайынды Гриммдердің ертегілерінде, Льюис Кэрролдың «Алиса ғажайыптар елінде» шығармасында бой көрсетіп, кейін кино мен мультфильмдердің сәніне айналды. «Гарри Поттер» мен «Нарния шежіресінде» аппақ тұлпар түрінде көрініп, балалар қиялының сүйікті бейнесі болып қалыптасты. Ал бүгінде оның бейнесі ойыншықтарда, киімдерде, әлеуметтік желілерде жарқырайды – ол енді мәдени символ, позитив пен сұлулықтың айнасы. Ғалымдар да бұл құбылыстан шет қалған жоқ. Кейбірі «мүмкін, бір кезде ондай жануар шын болған шығар?» деген сұраққа жауап іздей бастады. Бірақ жер қойнауынан табылған сүйектердің барлығы жалған болып шықты – тіпті біреулер «мүйізді пырақ қанқасын» қолдан құрастырып, жұртты сендірмек болған. Дегенмен зерттеушілер мифтің тууына себеп болған жануарлар бар дейді. Кейбір жылқы тұқымдарының маңдайында сүйек өсіндісі байқалады – алыстан қарағанда ол мүйізге ұқсайды. Ал мүйізтұмсық – сол бейненің ең шынайы прототипі болуы мүмкін.

Аңғарып қарасаңыз, Мемлекеттік елтаңбамыздағы басты элементтердің бірі – аңыздардан тамыр тартқан қанатты тұлпарда да мүйіз бенеленген. Қанатты пырақтың бейнесі – халқымыздың ғасырлар бойы көксеген арманы, қуатты да гүлденген мемлекет құруға деген ұмтылысының көрінісі. Ал мүйіз бейнесі – көне мәдениеттен нәр алған мәнді элемент. Ол ертеде көшпенділердің табынушылық ғұрыптарында, жауынгерлік туларының ұшында бейнеленіп, күш пен жеңістің, берекенің молшылықтың нышаны ретінде қолданылған. Көк пен жердің арасындағы үйлесімділікті, табиғаттың тылсым қуатын мүйіз арқылы көрсету дәстүрі көптеген халықтарда сақталған. Осылайша, молшылық пен жеңісті, биік арман мен жасампаз рухты біріктіретін мүйізді һам қанатты тұлпар – қазақ халқының тарихи жалы мен рухани дүниетанымынан тамыр алған терең мағыналы символ. Ол елтанбадағы ең айшықты бейнелердің бірі ретінде Тәуелсіз Қазақстанның асқақ мұратын айшықтап тұр. Мүйізді пырақ – табиғатта жоқ, бірақ адам жүрегінде бар жануар. Ол ғасырлар бойы тазалықтың, үміт пен сұлулықтың символына айналды. Мүмкін адамдар оның өмірде болмағанына емес, бола алатынына сенгісі келетін шығар. Өйткені әрбір адам жүрегіннің түкпірінде бір сәтке болса да ертегіге сенгісі келеді.

Аружан МАРАТҚЫЗЫ

Ақмешіт ЖАСТАРЫ		
Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		
Ақмешіт ЖАСТАРЫ Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №КЗ 32V/PY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген. «Ақмешіт жастары» республикалық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.	БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ	Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
	Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10 БАС РЕДАКТОР Дәулет ҚЫРДАН	Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz
		Кезекші редактор: Нұршат НЫШАНОВА
		Таралымы: 6479 Тапсырыс: 1935